Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 22 (1181)

07.06.2024

alatau.offset@mail.ru
alatau_gazeti
alatau_gazeti

ЖЕТІСУДА ТУРИСТІК МУРАЛ САЛЫНДЫ

ТАЛДЫҚОРҒАНДА КӨПҚАБАТТЫ ҮЙЛЕРДІҢ БІРІНІҢ ҚАБЫРҒАСЫНДА ЖАҢА СУРЕТ ПАЙДА БОЛДЫ. БҰЛ СУРЕТ ЖЕТІСУ ӨҢІРІНІҢ БАСТЫ КӨРІКТІ ЖЕРЛЕРІНІҢ БІРІ – ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ЕҢ БИІК БҰРҚАНБҰЛАҚ САРҚЫРАМАСЫНА АРНАЛДЫ.

Монументалды кескіндемені екі суретші бірігіп жұмыс істеді, олардың бірі қабырға суретінің эскизін жасап, екіншісі оны салды. Суретті қабырға «Visit Zhetysu» туристік ақпараттық орталығының тапсырысымен жасалды.

«Visit Zhetysu» жетекшісі Жандос Нұриевтің айтуынша, қабырғаға сурет салудағы басты мақсат – Бұрханбұлақ сарқырамасын туристік орын ретінде танымал ету.

«Әдетте қабырға суреттері қаланың эстетикалық келбетін жақсарту үшін салынады, бірақ біздің суретімізге екі мағына сыйып тұр. Бұл бір жағынан өнер туындысы болса, екіншіден, жарнамалық нысан. Сөйтіп біз ерекше көркем, басты туристік орындардың біріне көптің назарын аударғымыз келеді. Бұл билбордтың түрі болуымен қатар алдағы 5-7 жылда қала тұрғындары мен қонақтарын қуанышқа бөлейтін ауқымды іске айналады. Атап өтсек, сызбаға нейрондық желілердің көмегімен салынған объектілер кіреді. Біз талантты суретшілермен идеямызды бірлесіп жүзеге асыра алғанымызға қуаныштымыз. Бұл жұмыстарды жалғастырамыз деп ойлаймын. Қабырға суреті Жетісу өңіріне туристердің назарын аудартуға септесетін болады», – Ж.Нұриев.

Жергілікті суретші, талдықорғандық Еркеғали Иманғали шығармашылық жұмыстан алған әсерімен бөлісті. Бұл оның тәжірибесінде қабырғаға салған 5-ші суреті, бұған дейін алдыңғы 4 суретті өзі салса, бесіншісіне арнайы эскиз әзірленді.

«Бірнеше нұсқа болды, соңында 5 эскиз дайындалды. Ол эскиздермен бір айға жуық жұмыс істедім. Соңында біз осы нұсқаға тоқталдық. Мен сарқырамамызды әдемі түстермен бейнелеп қана қоймай, этникалық элементтерді қосып, туризм саласымен байланыстырғым келді.

Сондықтан бейнелеу соңында сарқырамаға атпен келіп, оның табиғи ұлылығы мен сұлулығына тәнті болған этникалық стильде киінген саяхатшы қызды бейнеледім», – дейді қылқалам шебері.

Ол – бұған дейін Абай Құнанбайұлы мен әл-Фарабиге, сол сияқты дәрігерлер мен өрт сөндірушілерге арналған муралдардың авторы. Бұл кескіндемелердің бәрі облыс орталығының әр тұсындағы көпқабатты тұрғын үйлердің сыртына салынған.

Қабырға суретін салған суретшінің бірі – Ернұр Сәрсекеевтің монументалды кескіндеме саласындағы тәжірибесі мол. Ол Қазақстанның түкпір-түкпірінде 20-дан астам қабырға суретін жасап үлгерді. Ал Талдықорғанда салған Бұрханбұлақ сарқырамасына арналған суреті – оның 23-ші туындысы.

«Менің ойымша, бұл ерекше қабырға суретін жергілікті тұрғындар мақтан тұтатын болады, өйткені бұл жай ғана сурет емес, жетісулықтарды өзара біріктіретін, туған жерінің сұлулығын паш ететін жарқын идеяға айналды», – деді.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

БАСПАСӨЗ - 2024

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне жазылу жалғасуда

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
1 жылға – 3640 теңге.
облыстық маңызы бар қалалар үшін "Қазпошта" арқылы
1 жылға – 4477,20 теңге.
ауыл тұрғындары үшін
1 жылға – 4700,80 теңге.

Продолжается подписка на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
на год – 3640 тенге.
для города областного значения через "Казпочту"
на год – 4477,20 тенге.
для сельского населения
на год – 4700,80 тенге.

Индексі: 15534

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕРЕКЕ АЯСЫНДА

ПАТРИОТТЫҚ ШЕРУ ӨТТІ

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР КҮНІ ТАЛДЫҚОРҒАНДА 300-ГЕ ЖУЫҚ АДАМ ҚАТЫСҚАН ПАТРИОТТЫҚ ШЕРУ ӨТТІ. ШЕРУШІЛЕРДІҢ АРАСЫНДА СПОРТШЫЛАР, ЕРІКТІЛЕР, САЯСИ ПАРТИЯЛАР МЕН ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕРДІҢ МҮШЕЛЕРІ, «ҰЛЫ ДАЛА ЖОРЫҒЫ» МАРАФОНЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ, ЖАС КАДЕТШІЛЕР, ВЕЛОСИПЕДШІЛЕР, ЖАСТАР, ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЗИЯЛЫ ҚАУЫМ МЕН БАҚ ӨКІЛДЕРІ БАР. САЛТАНАТТЫ ШАРАҒА ОБЛЫС ӘКІМІ БЕЙБІТ ИСАБАЕВ ҚАТЫСТЫ.

«Жастар» саябағынан басталған шеру Ж. Балапанов, Б. Әшімов көшелерімен жүріп өтіп, Талдықорған – Алматы тас жолының бойындағы 92 метр биіктікте орнатылған Мемлекеттік Ту тұғырына табан тіреді. Шеруге қатысушылардың қолында жалаулар желбіреп, жастар өкілдері елдің бостандығы мен тәуелсіздігінің басты нышандары ретінде қолдарында 12 м х 6 м болатын Мемлекеттік Ту мен Мемлекеттік Елтаңбаны алып жүрді.

Облыс және қала басшылығы, облыстық, қалалық мәслихат депутаттары, ардагерлер, қоғам қайраткерлері, жастар, қала тұрғындары және шеруге қатысушылар жиналған мерекелік іс-шара ту тұғырының жанында жалғасын тапты. Әскери оркестрдің сүйемелдеуімен әскери қызметшілер мемлекеттік ту мен Елтаңба әкелінді. Мұнан соң Мемлекеттік Туды көтеру салтанатты рәсімі өтіп, мемлекеттік әнұран шырқалды. Мерекелік іс-шарада концерттік бағдарлама ұсынылып, «Көк тудың желбірегені», «Байтақ далам», «Атамекен» патриоттық әндері орындалды.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

ШАРА

«МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР – МАҚТАНЫШЫМ»

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ АЛАҢЫНДА «МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР – МАҚТАНЫШЫМ» АТТЫ ШАРА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.

Мекеме, мәдениет саласының қызметкерлері, аудан тұрғындары қатысқан салтанатты шарада аудан әкімі Елдос Ахметов жылы лебізін білдірді.

«Мемлекеттік рәміздер – еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігінің дәлелі екені бәрімізге мәлім. Бұл күнді мерекелеудің басты мақсаты – патриотизм, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жетістіктерін мақтан тұту идеяларын кеңінен дәріптеу және дамыту болып табылады. Мемлекеттің рәміздері – Тәуелсіздігіміздің бір белгісі. Еліміздің символы болған рәміздерді қастерлеп, құрметтеу – бәріміздің міндетті парызымыз болып саналады. Тәуелсіздігіміз тұғырлы, елдігіміз ғұмырлы, рәміздер күні құтты болсын! – деген аудан басшысы өңірдің дамуына үлес қосып жүрген бірнеше қызметкерді марапаттады.

Шара аясында ауданның белгілі спортшысы, 5 дүркін Темір адам атағының иегері Бақытжан Байтайұлы бастаған аудан жастарының велошеруі өткізілді.

Г. ЕРМҰХАНҚЫЗЫ.

«РӘМІЗДЕР – ЕЛДІГІМНІҢ БЕЛГІСІ»

БАЛПЫҚ БИ АУЫЛЫНДАҒЫ ТУ ТҰҒЫРЫНЫҢ АЛАҢЫНДА РӘМІЗДЕР КҮНІНЕ АРНАЛҒАН «РӘМІЗДЕР – ЕЛДІГІМНІҢ БЕЛГІСІ» АТТЫ САЛТАНАТТЫ ШАРА ӨТТІ.

Салтанатты шарада аудандық ақсақалдар алқасының төрағасы Сайлаубай Бәзілұлы жылы лебізін білдірді.

«Бұл күн – Отанымыз үшін патриоттық пен намыстың мерекесі. Себебі, әрбір азаматтың жүрегінде патриоттық сезімдерін қалыптастыруда мемлекеттік рәміздердің маңызы зор. Тәуелсіздігіміздің тұмарына айналған мемлекеттік рәміздеріміз болашаққа бастаған ұлы көшімізді демеп, игі істерімізді қолдай берсін. Бірлігіміз жарасып, еліміздің жарқын болашаққа бастар жолында нық қадам жасап, ынтымағы жарасқан ел болайық», – деді ол.

Мұнан соң ауданның дамуына үлес қосып келетін азаматтар марапатталды. Мерекелік шара аудан өнерпаздарының концерттік бағдарламасымен жалғасты.

Аружан АСҚАРҚЫЗЫ,
Көксу ауданы әкімінің баспасөз хатшысы.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

Қазіргі өркениетті заманда жастардың көп тілді меңгеруіне қолайлы жағдайлар туғызылған. Ғаламтор желісі арқылы кез келген тілді үйренгісі келетіндерге онлайн сабақ беру жолымен қалаған тілін үйреніп, білуіне болады.

БАСТЫ БОРЫШҚА АЙНАЛУЫ ТИІС

Көп тілді меңгерген адам шет елдерге барып, саяхаттап, тынығып қайтқан кездерінде де оларға қиындық тумайтыны даусыз. Оның үстіне, шетелден барып, жоғары білім алуына да мүмкіншіліктері мол болары айдан анық. Дегенмен, өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте дегендей, алдымен ана тіліңді меңгеру асыл парызың екенін де ұмытпаған дұрыс қой. Ал, елімізде мемлекеттік тілдің мәртебесін арттырып, қолдану аясын кеңейте түсу мәселесі күн тәртібінен түспей келе жатқаны да баршаға белгілі.

Алайда, мәселені толық шешу үшін бірден барлық шараларды мемлекеттік тілге көшіре салу оңай шаруа емес. Бұл тыңғылықты даярлықты, үйлесімді көзқарасты талап етеді. Өйткені, бірлігі жарасқан кең байтақ елімізде тату-тәтті тұрып жатқан басқа ұлт өкілдерінің де пікірімен санаспауға болмайды. Сол үшін бізде өзге ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілді үйретуге қолайлы жағдайлар туғызылып жатыр. Бұған дәлел барлық жерде мемлекеттік тілді оқыту орталықтары ашылып, өз бетінше тіл үйренушілерге арналған аудио және бейне таспалар, оқулықтар, сөздіктер шығарылуда. Мұның бәрі тіл үйренемін дегендерге нақты көмек көрсету құралдары болып табылады. Бұл көрнекі құралдарда қазақ халқының салт-дәстүрлеріне байланысты да толық мағлұматтар беріліп отырады. Бір сөзбен айтқанда көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар мемлекеттік тілді осындай қамқорлықтың арқасында тәп-тәуір меңгеріп кетеді.

Ана тілін білу – әркімнің парызы десек, өзге ұлт өкілдері меңгеріп жатқанда өз тіліңді білмегенің ұят. Тілді қорғау әрі дамыту ең алдымен өзімізден бастау алып, мемлекеттік деңгейде іске асырылуы қажет. Мемлекеттік тілдің қолдану деңгейін одан әрі жетілдіріп, оны сот саласында қолдану аясын кеңейте түсуге ерекше мән беріп, тіл тазалығына қамқорлық таныту сот саласы қызметкерлерінің басты борышына айналуы тиіс.

Мерей ТОҚТАҒҰЛОВА,
Алматы облысының кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы.

ҚОРШАҒАН ОРТА

ОРМАНДЫ ҚОҚЫСТАН ТАЗАРТАЙЫҚ

Табиғат – тылсым жаратылыс. Ал адам баласы сол жаратылыстың ажырамас бөлігі. Біздің жасаған әрекетіміз, ісіміз табиғатқа әсер етпей қоймайды.

Қазіргі таңда табиғи орта мейлінше көп ластануда. Негізгі ластаушы көзі – қоқыс. Бұл қарапайым ғана мысал. Президент Қасым- Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің кезекті жолдауында қоршаған ортаны қорғау жөнінде мәселе көтерген еді. Мемлекет басшысының берген тапсырмалары табиғатты қорғауға жасалған бір қадам деп білемін.

Біз негізінен табиғаттан не алып жатқанымызды ойламаймыз, бірақ табиғатқа ештеңе қайтармаймыз. Бір мәселеден екіншісі туындайды және әрқайсымыздан табиғатты сақтамағанымыз үшін жауап алынады.

Ормандардың ластануымен күресудің жалғыз тиімді әдісі – олардың алдын алу, азаматтардың сауаттылығы мен санасы және ормандағы қарапайым мінез-құлық ережелерін сақтау. Табиғаттағы қарапайым мінез-құлық ережелерін сақтау оны сақтауға және оның байлығын арттыруға көмектеседі. Табиғатты қорғаңыз, оған сүйіспеншілікпен қараңыз, содан кейін ол дәл солай жауап береді. Өйткені, табиғатты ренжітсең, ол қатты жазалайды.

Әрқайсымыз қоқыс жоқ орманды аралап, сынған бөтелкелер жоқ, мөлдір суы бар таза көлде шомылғанды, жасыл шөп пен гүлдердің хош иісіне толы таза ауамен дем алғанды ұнатамыз. Әрқайсымыз өз іс-әрекетіміз бен табиғатқа деген қатынасымыз үшін жауаптымыз. Оған мұқият қарап, өмір сүру үшін қолайлы жағдай жасап, болашақ ұрпақ үшін табиғи байлықты сақтайық.

Табиғатты қорғауды өзімізден бастайық. Адам баласы болып, тіршіліктің тал бесігін бірге тербетейік.

Рамиль ХАМИТОВ,
«Қаратал орман шаруашылығы» КММ-нің орман күтушісі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЭКОНОМИКА

НАЦБАНК ВЫПУСКАЕТ БАНКНОТЫ НОМИНАЛОМ 10 000 ТЕНГЕ ИЗ СЕРИИ «САКСКИЙ СТИЛЬ»

В МАССОВОЕ ОБРАЩЕНИЕ БАНКНОТЫ ПОСТУПЯТ В СЕНТЯБРЕ 2024 ГОДА.

С 28 ИЮНЯ 2024 ГОДА НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА ВЫПУСКАЕТ В ОБРАЩЕНИЕ БАНКНОТЫ НОМИНАЛЬНОЙ СТОИМОСТЬЮ 10 000 ТЕНГЕ НОВОГО ДИЗАЙНА ОБРАЗЦА 2024 ГОДА. ПРИ ЭТОМ В МАССОВОЕ ОБРАЩЕНИЕ БАНКНОТЫ ПОСТУПЯТ В СЕНТЯБРЕ, ПОСКОЛЬКУ ДЛЯ ДОСТАВКИ ВО ВСЕ РЕГИОНЫ СТРАНЫ И АДАПТАЦИИ ОБОРУДОВАНИЯ (БАНКОМАТЫ, ТЕРМИНАЛЫ, КАССОВАЯ ТЕХНИКА) ТРЕБУЕТСЯ ДОПОЛНИТЕЛЬНОЕ ВРЕМЯ. ОБ ЭТОМ ГОВОРИТСЯ В СООБЩЕНИИ НАЦБАНКА.

Это вторая банкнота из новой серии «Сакский стиль». Она основана на элементах «Сакского стиля», который считается прародителем традиционного казахского орнамента и отражает наследие страны — от уникальной культуры номадов до современного Казахстана.

Цвет банкнот — сине-фиолетовый. На лицевой стороне изображены:

— ветвь «Древо жизни» с парящей птицей (Курган Иссык, 5−4 вв. до н. э., деталь головного убора Золотого человека, сакральный смысл связи природы и верования);

— спираль ДНК и стилизованный под орнамент символ бесконечности, обозначающие связь человека с природой;

— артефакт — украшение в виде фигуры барса на вершине горы (Курган Иссык, 5−4 вв. до н.э., деталь головного убора Золотого человека, снежный барс как символ бесстрашия, могущества и красоты).

На оборотной стороне на фоне стилизованного орнаментом щита изображен барс. За основным изображением расположен круговой казахский орнамент. Он символизирует идеи:

• «Щит» — символизирует защиту ценностей,

• древний символ — четыре стороны света,

• солярный знак в центре — символ созидательной энергии и жизни.

Также на оборотной стороне банкноты расположен артефакт — голова барса с грифонами в пасти (Берельские курганы «Долина Царей», 8−7 вв до н.э., ВКО, элемент украшения, символ целеустремленности и силы). В центре банкноты как фон располагается контур казахского орнамента «бесконечность», внутри которого размещен ландшафтный вид гор Заилийского Алатау.

О порядке замены и установлении периода параллельного обращения банкнот

Новые банкноты номиналом 10 000 тенге поступят в обращение с 28 июня 2024 года и в течение двух лет будут заменять находящиеся в обращении банкноты образца 2012 года.

То есть, все банкноты старого образца будут в течение двух лет постепенно изыматься из обращения. Соответственно, населению в этот период параллельного обращения нет необходимости самостоятельно обменивать банкноты старого образца на новые банкноты в банках второго уровня или филиалах НБК. Срок параллельного обращения банкнот старого и нового образцов — с 28 июня 2024 года по 28 июня 2026 года.

После завершения периода параллельного обращения, то есть с 28 июня 2026 года, все банки и Казпочта будут обменивать банкноты старого образца на банкноты нового образца в течение 3 лет, то есть до 28 июня 2029 года. Отдельно следует отметить, что филиалы НБК будут принимать бессрочно.

Банкноты нового образца (2024 года) и банкноты старого образца (2012 года) в период их параллельного обращения являются законным платежным средством, обязательны к приему по их нарицательной стоимости на всей территории Республики Казахстан для осуществления всех видов платежей и переводов, зачисления на банковские счета.

Они без ограничения разменяются и обмениваются во всех филиалах Нацбанка, Казпочте, казахстанских банках второго уровня и филиалах банков — нерезидентов Казахстана.

Отказ в приеме банкнот и монет, являющихся законным платежным средством, является административным правонарушением в соответствии с Кодексом Республики Казахстан об административных правонарушениях.

«ПОДАРИМ РАДОСТЬ ДЕТЯМ!»

В НАУЧНОМ ЦЕНТРЕ ПЕДИАТРИИ И ДЕТСКОЙ ХИРУРГИИ В ЧЕСТЬ МЕЖДУНАРОДНОГО ДНЯ ЗАЩИТЫ ДЕТЕЙ ПРОВЕДЕН ПРАЗДНИК ДЛЯ ДЕТЕЙ, СТРАДАЮЩИХ ЗЛОКАЧЕСТВЕННЫМИ И РЕДКИМИ ЗАБОЛЕВАНИЯМИ. В ЭТОМ ГОДУ ОН ПРОХОДИЛ ПОД ЛОЗУНГОМ: «ПОДАРИМ РАДОСТЬ ДЕТЯМ!», - СООБЩАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА НАУЧНОГО ЦЕНТРЕ ПЕДИАТРИИ И ДЕТСКОЙ ХИРУРГИИ.

ПРАЗДНИК В ЧЕСТЬ МЕЖДУНАРОДНОГО ДНЯ ЗАЩИТЫ ДЕТЕЙ!

Открыли праздничный концерт талантливые ученики творческой школы «Мәрмәр». Поздравить малышей и порадовать их своими песнями пришли сегодня и такие известные исполнители современной казахстанской эстрады, как Дастан Артист, Болатбек Ыскак, Шынболат Узакбай, Еркебек и Алия Аукеновы, Азиза Нурбакыт, а так же хореографический ансамбль «Киндер» и юные артисты арт-центра «Baglan Abdraim».

Впечатлило детей выступление курсантов Академии МВД имени Макана Есболатова. Они исполнили патриотические песни и показали рукопашный бой.

В ходе праздника дети могли сделать

профессиональное фото на специально отведенной фото-зоне в кругу команды аниматоров, одетых в любимые мультяшне персоналы. Аниматоры и волонтеры казахстанской фондовой биржы играли

с детьми в различные игры, танцевали и тем самым поддержали праздничное настроение детей.

Приятным завершением праздника, добавившим радости малышам, стали подарки, соки и сладости, подаренные нашим пациентам от спонсоров мероприятия.

Еще раз поздравляем всех пациентов Научного центра педиатрии и детской хирургии и желаем им крепкого здоровья, счастливого детства, мирного неба, жизни, полной радости, веселья и улыбок, а также победить тяжелый недуг!

Праздник был организован и проведен с помощью дружной команды психологов и воспитателей Центра, а так же благодаря спонсорской поддержке организаций: Казахстанская фондовая биржа, ОФ «Амила», ОФ «Халык», Академия МВД РК, «Caca Cola» и др.

Ш. ХАМИТОВ.

ХОРОШИЕ НОВОСТИ

ПЕРВЫЕ МЕЖДУНАРОДНЫЕ РЕЙСЫ В НОВОМ ТЕРМИНАЛЕ

В соответствии с Посланием Президента Республики Казахстана К. К. Токаева 1 сентября 2023 года, транспортно-логистическая отрасль должна стать одним из локомотивов экономического развития страны, передает DKNews.kz.

В связи с чем, запуск нового терминала в аэропорту г. Алматы имеет стратегически важное значение в реализации поручения Главы государства. Касым-Жомарт Кемелович Токаев осмотрел новый терминал в преддверии его открытия.

Сегодня новый терминал аэропорта г. Алматы после открытия обслужил первые рейсы.

Рейс КС-664 авиакомпании «Эйр Астана» по маршруту Лондон — Алматы совершил посадку в аэропорту г. Алматы в 08−50ч. На борту воздушного судна «Эйрбас-А321», совершившего рейс было 94 пассажира.

На вылет терминал первым планирует к обслуживанию рейс КС-653 авиакомпании «Эйр Астана» по маршруту Алматы — Доха. Ожидается что рейс с 166 пассажирами на борту совершит вылет в 09−50ч.

Аэропорт встречает первых пассажиров нового терминала торжественной обстановкой и памятными подарками.

Строительство нового терминала аэропорта г. Алматы было начато в мае 2021 года и реализовано полностью за счет частных инвестиций. Площадь терминала составляет 53 тыс. кв.м. В терминале имеется 7 телескопических трапов, 50 стоек регистрации, современная система обработки багажа с 4 лентами и производительностью 6,2 тыс. единиц багажа на прилет и вылет.

После запуска нового терминала, пропускная способность аэропорта вырастит до 14 млн. пассажиров в год. Ожидается, что после открытия международного терминала, в ближне- и средне-срочной перспективе в аэропорту будут запущены 15 международных маршрутов по направлению в 10 стран казахстанскими и иностранными авиакомпаниями.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕДИЦИНА

ДЕНІ САУ ҰЛТ БОЛУ ҮШІН БІЛІКТІ ДӘРІГЕР КЕРЕК

«Денсаулық зор байлық» дейміз. «Басың ауырып балтырың сыздаса» бірден дәрігерге жүгінесің. Бүгінгі медицина саласын кешегі кеңестік жүйемен салыстыра алмайсың. Заманауи үлгідегі технологиямен жабдықталған құралдардың басым бөлігі осы медицина саласына тиесілі.

Ондағы түрлі аппараттар жедел қызмет көрсетіп, науқастың кеселін анықтауға әрі жедел ота жасауға пайдасын тигізеді. Мәселен, кешегі кеңестік жүйеде қарапайым соқырішектің өзін науқастың тәнін кесіп алатын болса, бүгінде күрделі оталардың кейбірін лазер арқылы жасап жатады. Бұл заман ағымына қарай медицина саласындағы жетістіктер.

Бауыр, жүрек, бүйрек алмастыру оталары күннен-күнге ғылыми

үрдісте дамып келеді. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деп жарнамалап, жария салсақ та жұмыр басты пенденің бәрі бірдей күтіне бермейді. Тіпті дәрі-дәрмектің бәрі қолында тұрған дәрігерлердің өзі де айықпас дерттен көз жұмып жатады. Ал қалған бұқараға қызмет көрсететін дәрігерлердің білімі мен біліктілігі өз алдына бір әңгіме. Кешегі кеңестік жүйеде медицина саласында жоғары білім алатындар бес жыл оқып, кәсіби маман атанатын. Ал, Тәуелсіздік алған отыз жылдай уақытта медицина саласы да түрлі реформаларды бастан өткерді. Алғашқы тоқырау жылдарында құлдырап барып аяқтан тұрған денсаулық сақтау саласы бүгінде халыққа жаңа үлгіде қызмет көрсетіп келеді. Дәрігер мамандығын меңгергісі келгендер тоғыз жыл медицинаның қыр-сырын біліп, толық білім алулары шарт. Алайда, қоғам ішінде дәрігерлер туралы екі ұдай пікір барын ешкім жасыра алмайды. Білікті дәрігер, білімсіз дәрігер деп екі топқа бөледі. Мемлекеттік жүйедегі дәрігерлерден көңілі қалғандар жекеменшік ауруханаларға жүгініп жатады. Бұқараны сарсаңға салып тұрған тағы бір олқы тұсы мемлекеттік жүйедегі ауруханаларға жату жүйесі порталға тәуелді болуы. Мәселен, емделіп шығып ауруыңыз қайта қозатын болса, кезекті порталыңыз келгенше күтуге тура келеді. Әрі-сәрі күйге түсіп, ауруы жанын мазалаған жан амалсыз жекеменшік ауруханаға жүгінеді. Ал, науқастың қалтасы ем-домның қаржысын қаншалықты көтере алады, бұл үлкен мәселе. Әсіресе шалғайдағы аудандар мен елді мекендердегі емханалар мен ауруханалар жайлы қоғамнан сұрау сала қалсаңыз бәрінің айтатыны: *«Қайда барсаң, тамыр-таныс, денсаулық саласы да солай, емханаға барсаңыз талон аласыз. Ал, қарайтын дәрігердің уақыты тәмәм болғанда кете барады. Себебі олар да күнкөріс үшін екі-үш жерде қызмет жасайды. Ал, кезекке жете алмай қалған науқастың обал сауабын кім арқалайды?»*.

Бүгінгі мақалаға арқау болып отырған Талдықорған қаласының

іргесіндегі Ескелді ауданында 91 дәрігер, 361 орта буынды мейіргер қызмет атқарады. Демек олар аудандағы 52 мыңнан астам адамға қызмет көрсетеді деген сөз. Амбулаториялық-емханалық көмекті 31 мекеме көрсетсе, Ескелді аудандық орталық ауруханасы бір ауысымда 600 адам қабылдайды. Емханада 160 төсектік стационар бар. Аудан халқы, елді мекеннің емделушілері жергілікті емхананың жолдамасымен аудандық ауруханадан ем алады.

Аурудың ауыр және жеңіл түрі болмайды. Қазақтың «ауру кірді дегенше әлек кірді десеңші» деп тәмсілдейтіні сондықтан.

Бүгінде қан-қысымы, одан бөлек онкологиялық аурулар жас талғамайтын болды. Аудан тұрмақ, облыс орталықтарындағы ауруханаларда неврологиялық аурулардың көптігінен төсек жетіспей жататын кездері болады. Әсіресе, жазғы маусым кезінде бұл кеселмен ауыратындардың саны артады. Ескелді ауданында алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетіледі. Ауданда 10 дәрігерлік-амбулатория, 6 фельдшерлік-акушерлік пункт, 14 медициналық пункт бар. Білім саласы сияқты кадрлық тапшылық медицина саласында да орны ойсырап тұр. «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша соңғы үш жылда медицина саласына қажетті 18 кадр тартылған. Олардың қатарында невропатолог, хирург, неонатолог, офтальмолог, хирург-травматолог және тағы басқалары бар. Бүгінгі таңда кадр тапшылығы бойынша 5 дәрігер жетіспейді. Олар, ЖПД – 3, терапевт – 1, офтальмолог – 1. «Іс-тетігін кадрлар шешетіні» айдан анық.

Мақала басында айтылғандай, аудандық көлемдегі емханалар мен аурухана заманауи үлгідегі технологиямен қамтылуда, айтарлықтай нәтижеге қол жеткізген. Мәселен, соңғы үш жылда 2021 жылы 92,7%, 2022 жылы 93,0%, 2023 жылы 93,0% құраған. Соңғы екі жылдағы көрсеткіш бір қалыпта тұр. 2024 жылы қандай технологиялар алуды көздеп отырғандары айтылмайды. Мүмкін жыл аяғына дейін алынатын шығар.

Адам тағдырына тікелей жауапты дәрігерлердің білімі мен біліктілігі аудай қажет. Ауданда дәрігерлердің біліктілігін көтеру 50 пайызды құрайды. Денсаулық сақтау саласының қырағы көздері дәрігерлер жайында қоғамда екі ұдай пікір барын жоғарыда айттық. Қалай десек те, тәжірибелі дәрігерлер аз емес. Жақсы жағынан салмақтағымыз келеді. Олардың күн, түн демей халық денсаулығын жақсартуда атқарып жатқан жұмыстарының бағасы өлшеусіз. Мұғалімдердің жалақысы көтерілгенде медицина саласының мамандары да назардан тыс қалған жоқ. Ескелді ауданындағы дәрігерлердің жалақысы орта есеппен 689 678 теңгені құраса, медбикелердің орташа жалақысы 309 145,1 теңгені құрайды. Бұл 2023 жылғы көрсеткіш.

«Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген тәмсілді екінің бірі айтады. Алайда, жұмыр басты пенденің басына құдіреті күшті Алла түрлі сынақтар жіберіп жатады. Соның бірі – денсаулық. Дәрігерге уақытылы қаралып тұру шарт. Тіпті уақытыңыз жетіп жатса алты айда бір медициналық тексеруден өтіп тұрғанның зияны жоқ. Ауру астан да, ауадан да таралып жатқан бүгінгі қоғамда дәрігерге артылатын міндет те күннен-күнге күшейіп келеді. Оның сыртында медициналық ғимараттардың күтімі, заманауи технологиялармен уақытылы қамтылуы, дәрігерлердің тапшылығын жою – басты міндет. Бұл бағытта Ескелді ауданындағы халыққа қызмет көрсететін аурухана мен емханалардың ахуалы осындай. Дәрігерге барайын деп бармайсың, дертіңе шипа іздеп барасың. Ал бүгінгі қоғамда білікті кадрлар тапшы болып тұр...

Айтақын МҰХАМАДИ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘЛЕУМЕТ

КӨКСУ АУДАНЫНЫҢ КӨРСЕТКІШІ КӨҢІЛ КӨНІШІТЕДІ

«ТҮГІН ТАРТСАҢ, МАЙЫ ШЫҚҚАН» ЖЕР ЖӘННАТЫ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА СЕГІЗ АУДАН, ЕКІ ҚАЛА БАР. СОНЫҢ БІРІ – КӨКСУ АУДАНЫ. МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ КЕМЕЛҰЛЫНЫҢ ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН ҚҰРУ ЖОЛЫНДА «ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСАТЫН МЕМЛЕКЕТ» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУДА АУДАН ӘКІМІ ДӘУЛЕТ КЕНЖЕХАНҰЛЫ ХАЛЕЛОВ ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ ЖУРНАЛИСТЕР ҮЙІНДЕ ӨТКЕН БРИФИНГТЕ АУДАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ 2024 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАР-НАУРЫЗ АЙЫНДА ОРЫНДАЛУЫ БАРЫСЫНДА БАЯНДАМА ЖАСАДЫ.

Тоғыз жолдың торабында орналасқан аудан Кербұлақ, Қаратал, Ескелді аудандарымен шектесіп жатыр. Өңірдің негізгі тіршілік көзі – ауыл шаруашылығы саласы. Төрт түлікті өргізіп, егін егіп, одан мол өнім алуды мақсат тұтады. 10 ауылдық округ, 34 елді мекеннен тұратын аудан аумағы 7066 шаршы шақырымды құрайды. Онда тұратын халық саны 42,2 мың адам. Ауданда негізгі ұлт өкілі қазақтар 83,4*%, 12*-ден астам ұлт пен этнос-өкілдері мекендейді. *«Жыл басынан бергі алғашқы үш айдың көрсеткіші бойынша 3,5 млрд. теңгеге ауыл шаруашылығының өнімі, 5,5 млрд. теңгеге өнеркәсіп өнімі өндірілді»*, – деген аудан әкімі Дәулет Кенжеханұлы негізгі қорға тартылған инвестиция көлеміне де тоқталды.

Өз сөзінде ол негізгі қорға тартылған инвестиция көлемі 2 млрд. 208 млн. теңгені, құрылыс жұмыстарының көлемі 1 млрд. 316 млн. теңгені, бөлшек сауда айналымының көлемі 895 млн. теңгені құрап, 2,1 мың шаршы метр тұрғын үй іске қосылғанын айтты. Нарық заңына орай өндіріс орындарын ашып, жергілікті халықты жұмыспен қамту Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасы. Жергілікті билік өкілдері осы бағытта өңірлерге инвестициялар тартып, өндіріс орындарын ашып, өңірдің экономикалық ахуалын жақсартуға күш салуда. Көксу ауданы да бұл бағытта елеулі істер атқарып келеді. Оны аудан әкімінің Журналистер үйінде өткізген брифингінде жасаған баяндамасынан аңғардық. Мәселен, өнеркәсіптен басқа барлық негізгі экономикалық көрсеткіштер бойынша былтырғы жылмен салыстырғанда өсім байқалатынын айтқан аудан басшысы өнеркәсіп саласында өнімнің төмендеуінің себебіне де тоқталып өтті.

«Былтыр Көксу қант зауыты ақпан-мамыр айларында 9565,6 млн. теңгеге қант қамысынан 26,7 мың тонна өнім өндірген. Ақпан-наурыз айларында 4411,6 млн. теңгеге 12,3 мың тонна өнім шыққан. Биылғы жылы зауыт қант қамысын өңдеуді мамыр айынан бастады. Жыл қорытындысы бойынша өнеркәсіп саласында 30 миллиардтан астам өнім өндіріп, былтырғы жылмен салыстырғанда өсімді қамтамасыз етеміз», – дейді аудан әкімі.

Жалпы Көксу ауданындағы өнеркәсіп саласында 1 – ірі, 3 – орта кәсіпорын тұрақты жұмыс істеп тұр. Көксу қант зауыты мамыр айынан бастап қамыс қантын өндіруді бастады. Жалпы 15 мың тонна қамысты өңдеу жоспарлануда. Қазіргі таңда күніне 300 тоннадай өнім шығаруда. Сондай-ақ майбұршақ өңдейтін «Уызмайиндастри» зауыты 4,7 млрд. теңгеге 15,6 мың тонна өнім шығарса, «Строитель» ЖШС 257 млн. теңгеге 9,3 мың тонна құрылыс материалдарын өндірді. Мемлекеттік және жергілікті бюджетке кіріс кіргізіп отырған шағын және орта бизнес өкілдерінің қарасы бұл ауданда жылдан-жылға қанат жайып келеді. Өзгелерге де жұмыс беріп, өздерінің кәсіптерін ұлғайтып отырған шағын және орта бизнес өкілдері аудан экономикасының қарқынды дамуына сүбелі үлес қосып келеді. Ауданда шағын және орта кәсіпкерлікте 4318 субъект әрекет етуде, оларда 6488 адам жұмыс жасайды. 2023 жылдың қорытындысы бойынша өндірілген өнім және көрсетілген қызмет көлемі 50 млрд 553 млн. теңгені құраған (2022 жыл – 40816 млн. теңге).

Ауданда 394 (оның 251-і дүкен мен киоскі, 58-і қоғамдық тамақтандыру орыны, 42 – тұрмыстық қызмет көрсету, 40 – сервистік қызмет, 3 – базар) сауда және қызмет көрсету нысандары жұмыстарын жандандыруда. 2024 жылдың бірінші тоқсанында мемлекеттік бюджетке 1 млрд 197 млн. теңге салық және басқа да міндетті төлемдер түсіп, жоспар 99,5 пайызға орындалды. Былтырғы жылмен өсім 10,3 пайызды құрады (2023 ж – 1085,4 млн. тг). Республикалық бюджетке жоспардағы 463,4 млн. теңгенің орнына 259,1 млн. теңге түсім түсті немесе 72,7 пайызға орындалды (2023 ж – 356,4 млн.тг). Жергілікті бюджетке болжамдағы 740 млн. теңгенің орнына 937,9 млн. теңге түсіп, 126,7 пайызға орындалды (2023 ж – 729 млн.тг). Оның ішінде: аудан бюджетінің болжамы 338,1 млн. теңгенің орнына 461,7 млн. теңгеге орындалды немесе 136,6 пайыз (2023 жыл – 287,2 млн. теңге).

Аудан бюджетінің қоржынын толтыратын да экономикалық көрсеткіштер мен өндірілген өнімдер. Ол үшін қолда бар мүмкіндікті тиімді пайдаланып, елді жұмылдыра білген ұтады әрі шағын және орта бизнес иелеріне қолдау көрсетіп, жаңадан кәсіппен айналысқысы келетіндерге бар мүмкіндік жасалуы тиіс. Бұл бағытта аудан әкімінің айтуынша кәсіп ашқысы келгендерге бар мүмкіндіктер жасалуда.

Жетісу өңірінің өзі аграрлық сала болғандықтан негізі табыс көзі де ауыл шаруашылығына тиесілі. Бұл экономикалық көрсеткіштің басым бағыты. Жылдың төрт мезгілінде бел шешпейтін диқан қауымы мен төрт түлікті өргізген шаруалардың қосқан үлесі мол. Мал шаруашылығында 3137 тонна (2023 ж. – 3017т) ет, 3499 тонна (2023 ж. – 3491т) сүт, 421,5 мың дана (2023 ж. – 420,7 мың дана) жұмыртқа өндірілді. Жұмыртқа өндірілгенін, ветеринария саласында 3 блокты-модульдік ветеринарлық пункт орнатылатынын айтты. Сондай-ақ, аудан аумағындағы пайдаланылмайтын немесе мақсатына сай игерілмеген жерлерді мемлекет меншігіне қайтару жұмыстары жалғасып жатқанын жыл басынан 1770 га (жоспар 7000 га) аудан жер қорына қайтарылғанын, жоспарланған 7 мың гектарды қайтаруды бірінші жарты жылдықта жүзеге асыратындарын айтты.

– Басқа негізгі экономикалық көрсеткіштер бойынша 2024 жылы ауыл шаруашылығының өнім көлемін 50,2 млрд. теңгеге, инвестиция көлемін 12,0 млрд. теңгеге, құрылыс жұмыстарының көлемін 7,3 млрд. теңгеге, бөлшек сауда айналымының көлемін 8,5 млрд. теңгеге жеткізуді және 10 мың шаршы метр тұрғын іске қосуды көздеп отырмыз.

Үстіміздегі жылы ауыл шаруашылығының егістік көлемі 31710 гектарды құрайды, оның ішінде дәнді дақылдар 10830 гектар жоспарланып оның 10620 гектары себілді, майлы дақылдар 11386 гектар жоспарланып 7840 гектар себілді, картоп 1151 га жоспарланып себілгені 700 гектар, бау-бақша мен көкөніс 1025 гектар себу жоспаранып 730 гектар себілді.

2024 жылы 2000 га (2023 ж - 1881 га) қант қызылшасын себу жоспарланып, 2050 гектар себілді.

Мал азығы дақылдарының көлемі 5318 гектар жоспарланып, 3656 гектар себілді, – деген аудан әкімі көктемгі дала жұмыстарын мерзімінде әрі тиянақты аяқтағандарына тоқталды.

Айтуынша, 7900 гектар ылғал жабу, 4178 га себу алдындағы өңдеу жұмыстары (тырмалау), 19632 га жер жыртылып, жоспар 100 пайызға орындалды.

«Көктемгі дала жұмыстарына 1747 тонна тынайтқыш қолданылды, оның 350 тоннасы арзандатылған бағамен алынды. 116 тонна арзандатылған жанар-жағар май жеткізілді. «Жетінар» несиелік серіктестігі арқылы «Кендала», «Агробизнес» бағдарламалары бойынша 144,8 млн. теңге арзандатылған несие алынды», – деді аудан әкімі. Сондай-ақ ол өңірдегі егістік алқаптарға тиесілі ирригациялық жүйелердің жұмысына тоқталды.

Ауданда жалпы ұзындығы 767 шақырымды құрайтын ирригациялық жүйелер жұмыс жасайды, каналдар 19143 гектар суармалы жерді қамтиды. Биылғы жылы Ислам даму банкі арқылы І-ші кезеңде ұзындығы 108 шақырымды құрайтын 9 каналға, жалпы құны 7,2 млрд. теңгеге қайта қалпына келтіру жұмыстары басталған. Жұмыстардың аяқталу мерзімі 2025 жыл. Ал ІІ-ші кезеңде 288 шақырым каналдарды қалпына келтіру жоспарланды. Тұрғын үй, электр желілері, инженерлік коммуникациялық желілер тарту, құрылыс саласына қатысты аудандағы атқарылған істердің көрсеткіші көңіл көншітеді. Атқарылған жұмыстардың бірінші тоқсандағы көрсеткіші бойынша Балпық би ауылында екі 60 пәтерлік тұрғын үйдің, бір 20 пәтерлік және 21 жеке тұрғын үйдің, Балпық би ауылында жоғарғы вольтты электр желілерін көшіруге және Мәмбет ауылында инженерлік-коммуникациялық желілерінің құрылысына және Балпық би ауылының жаңа массивіне инженерлік-коммуникациялық желілерінің (кәріз жүйелері) құрылысына жобалық-сметалық құжаттама дайын. Сондай-ақ, Балпық би ауылында блокты-модулді қазандықтың құрылысына жобалау құжаттары дайындалып, сараптамадан өтуде.

Биылғы жылы жеке инвесторлардың қаражаты есебінен ауданда 50 жеке тұрғын үй салу жоспарланған. Құрылыс аяқталғаннан кейін мемлекет тарапынан аталған үйлер мемлекет меншігіне сатып алынып, халықтың әлеуметтік осал топтарына беріледі. Қазіргі таңда Балпық би ауылында 30 үйдің және Жарлыөзек ауылында 10 үйдің құрылысы басталған. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығында 12 елді мекенді газдандыру бойынша (Алғабас, Ақшатоған, Айнабұлақ, Бозтоған, Жарлыөзек, Қызылтоған, Талапты, Жетіжал, 10 жылдық Қазақстан, Мәулімбай, Кенарал, Ақтекше ауылдары) жұмыстар жүргізілуде. Оның сыртында 2 елді мекенде (Көксу станциясы және Еңбекшіқазақ ауылы) газ тарту желілерінің құрылысы аяқталмақ. Балпық би ауылындағы көппәтерлі тұрғын үйлерді газдандыру үшін және 3 ауылдық елді мекенге (Мұқаншы (Жарлыозек а/о), Надырызбек, Каратал ауылдары) газ тартуға жобалар сараптамадан өткені де тілге тиек етілді. Сондай-ақ, халықты таза ауыз сумен қамтамасыз етуде З.Тамшыбай ауылында және Көксу станциясында сумен жабдықтау жүйесін қайта жаңарту және салу бойынша жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу (18,5 млн. теңгеге) биыл аяқталмақ.

2024 жылы «Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде 2 ауылдағы 4 көшеге (Жарлыөзек – 3, Мұқыры – 1) көше шамдары орнатылуда. Оның сыртында 2 ауылдық округтің 12 көшесіне (Мұсабек – 7, Айнабұлақ – 5) жарық шамдарын орнату басталған. Мұнымен қатар Айнабұлақ бекетінде балаларға арналған ойын алаңы іске қосылса, Балпық би ауылында ойын алаңдарының жайластыру жұмыстары жүргізілуде.

Аудан басшысы баяндамада жергілікті маңызы бар жолдарды жөндеуге және қалыпта ұстау мақсатында 2024 жылы 8 елді мекеннің 36 көшесіне орташа жөндеу жұмыстары жүргізілетінін де айтты.

А. БҰЛҒАҚОВ.

Дүйсенбі - Понедельник, 10 маусым

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 04.35 «Әнұран»
06.05, 04.10 «Жәдігер» д/ф
06.30, 04.10 «Тіршілік»
07.00 «Таңшолпан» таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама, тікелей эфир.
10.00,13.00, 15.00, 20.00, 00.10 «Ақпарат»
10.10, 18.00 Т/х«Құрсаудағы қыз»
12.10, 21:25 «Сұңқар»
13.10 «Сұңқар»
13:20 «Тату-тәтті», реалити шоу
15:15 Ақпарат
15:15 «Апта» сараптамалық бағдарлама
16.05 Т/х «Сырғалым»
20.30 «Ашық алаң» ток-шоу
22.15 Телехикая «Бауырлар»
23.10 «1001 түн» қоғамдық бағдарлама, тікелей эфир
00:45 «Ашық алаң» ток-шоу
01.35 «Сана»
02.40 «Тату-тәтті» реалити шоу

ХАБАР

05.00 01:00 ҚР Әнұран
05:00 Мегахит
07.00 «Оян!» тікелей эфир
10.00 «Біздің назарда»
10:25 деректі фильм
10.45 кино
12.00 20.00 Тағдырға сен -2
14.00 «Шашу»
15.00, 21:45 Т/х «Тасқын»
16.00, 23:30 Сериал «Следствие любви»
18.00 Новости
18.25 Ток- шоу «Итоги»
19.00 Жаңалықтар
19.25 Ток шоу «Талқы»
22.30 Хабарлайк

АСТАНА

Телеканал «Астана» отсутствует по независящим от газеты «Алатау»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10:10 «Модный приговор»
11.05 «Давай поженимся!»
11.50 фильм
14.00 новости
14.15 жаңалықтар
14.30 қослайк
18.30 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал
00.10 Ночной кинотеатр
01.15 «Охота на изюбря»
02:05 «Новости»
02:20 «Жаңалықтар
02:35 «Көреміз»
03:20 «Басты жаңалықтар
03:45 «Паутина»

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАН
07:05, 05.05 «Әнім сен едің»
07.55 04.40 Т/х «Жат туыстар» отандық телехикая
10.50 «Парад юмора» ш/п
12:40 криминальная драма
15.00 Т/х «Өртенген сезім»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Дау-дамайсыз»
21.00 Вечерние новости
21.35 Мелодрама «Маруся»
23.40 вскрытие покажет
02.00 криминальная драма
03:35 Астарлы ақиқат
04.15 кешкі жаңалықтар қайталау

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 «Сапарлайық»
09.30 «Әсем әуен»
10.00 «Единый народ»
10.30 «Ел іші - өнер кеніші»
11.00 «Шіркін-ай»
11.40 «Домбыра»
12.00 «Ділмар»
12.40 «Әсем әуен»
13.00 «Өзекжарды»
13.30 «Менің балалық шағым»
14.15 «Әсем әуен»
14.30 «Арнайы репортаж»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Ойсарап»
17.00 «Әсем әуен»
17.20 Д/ф «Жапандағы жалғыз үй»
18.00 «Зұлмат»
18.30 «Қазына»
18.45 «Жетісу-спорт»
19.00 «Бес қару»
19.30 «Ғибрат»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05:58 ҚР ӘНҰРАН
06:00 Әзіл студио
07.00 «Ризамын»
08.00 Тик –ток шоу
08:30 Тайм вайн
09.00 «Маша и медведь»м/с
09.30 Ханзада жумонг
12.40 Тик-тоу шоу
15.40 Кино.
17.50 Кино
20.00 информбюро
21.00 Кино
23.10 Ханзада Жумонг
01.50 «31 әзіл»
02.30 тайм вайн
02.50 Тик ток шоу
03.20 Ватсап
04.00 «Әзіл студио»
04.20 1001 әзіл
04.30 бала батл
05.00 ватсап
05.20 ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05:10 ҚР ӘНҰРАН
06.02 Т/х «Q елі»
06.30 Жұлдыздар шеруі
07.30 Мультфильм
08.30 м/с
10:00, 20.00 сериал «Великолепный век. Хюррем»
12.00, 22.00 сериал
13.00 сериал
15.00 «Күйеу бала»
17.00 т/х
19.00 сериал «Сын»
00.00 КТА
01.50 зың-зың Күлпәш
03.50 келесі кім?
05:12 Үзіліс

Сейсенбі - Вторник, 11 маусым

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 04.35 «Әнұран»
06.05 «Жәдігер» д/ф
06.30, 04.10 «Тіршілік»
07.00 «Таңшолпан» таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама, тікелей эфир.
10.00,13.00, 15.00, 20.00, 00.10 «Ақпарат»
10.10, 18.00 Т/х«Құрсаудағы қыз»
12.10, 21:25 «Сұңқар»
13.10 Сұңқар
13:20 «Тату-тәтті», реалити шоу
15:00 Ақпарат
15.30 інжу маржан
16.05 Т/х«Сырғалым»
20.30 «Ашық алаң» ток-шоу
22.15 Телехикая «Бауырлар»
23.10 «1001 түн» қоғамдық бағдарлама, тікелей эфир
00.45 «Ашық алаң» ток-шоу
01.45 сана
02.40 «Тату-тәтті» реалити шоу

ХАБАР

05.00, 01:00 ҚР Әнұран
05:00 Худ.фильм. «Начни сначала»
07.00 «Оян!» тікелей эфир
10.00 «Народный контроль»
10:25 мультфильм
11.35 Мультсериал
12.00, 20.00 Тағдырға сен -2
14.00 «Шашу»
15.00 Т/х «Тасқын»
16.00, 23:30 Сериал
18.00 Новости
18.25 Ток- шоу «Итоги»
19.25 Жаңалықтар
21.45 «Рауза»
22.30 Хабарлайк

АСТАНА

Телеканал «Астана» отсутствует по независящим от газеты «Алатау»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10:10 «Модный приговор»
11.00 «Давай поженимся!»
11.55 Между двух огней
14.00 новости
14.15 жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал
00.15 Ночной кинотеатр
02.05 новости

02.20 жаңалықтар
02.35 көреміз
03:20 «Басты жаңалықтар»
03:45 «Паутина»

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАН
07:05 кешкі жаңалықтар
07.55 04.30 Т/х «Жат туыстар» отандық телехикая
08.45 вечерние новости
09.20 было дело
10.10 «Игры детей старшего возраста»
11.10 «Вскрытие покажет»
11.00 «Парад юмора» ш/п
13:40 «Маруся»
15.35 Өртенген сезім
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Дау-дамайсыз»
21.00 Вечерние новости
21.35 Мелодрама «Маруся»
23.40 детектив
02.00 «Игры детей старшего возраста»
02.45 было дело
03.25 Астарлы ақиқат
04.05 кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Ел мен жер»
11.30 «Домбыра»
12.00 «Зұлмат»
12.30 «Баспасөзге шолу»
13.00 «Бес қару»
13.30 «Шаңырақ»/тікелей эфир
14.20 «Жетісу-спорт»
14.30 «Ғибрат»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Менің арманым»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «Қатыгез келін»
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Табыс кілті»
19.30 «Әсем әуен»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05:58 ҚР ӘНҰРАН
06:00 әзіл студио
07.00 информбюро
08.00 Тик –ток шоу
08:30 «Маша и медведь»м/с
09.30 «Ханзада Жумонг»
12.40 кино
15.30 Кино
17.50 кино
20.00 Информбюро
21.00 Кино
23.40 «Ханзада Жумонг»
02.00 «31 әзіл»
02.30 тайм вайн
02:50 Тик ток шоу
03.20 Ватсап
04.00 әзіл студио
04.20 «1001 әзіл»
04 .30 бала батл
05.00 ватсап
05.20 ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05:20 ҚР ӘНҰРАН
06.02 Т/х «Q елі»
07.30, 23.00 Жұлдыздар шеруі
08.30 Мультфильм
10:00, 20.00 сериал «Великолепный век. Хюррем»
12.00, 22.00 «Нити судьбы»
13.00 сериал
15.00 «Күйеу бала »
17.00 сериал «Великолепный век. Хюррем»
19.00 сериал
22.00 Т/х
00.00 КТА
02.00 «зың-зың Күлпәш»
04.00 келесі кім?
05:22 Үзіліс

Сәрсенбі - Среда, 12 маусым

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 04.35 «Әнұран»
06.05 «Жәдігер» д/ф
06.30, 04.10 «Тіршілік»
07.00 «Таңшолпан» таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама, тікелей эфир.
10.00,13.00, 15.00, 20.00, 00.10 «Ақпарат»
10.10, 18.00 Т/х«Құрсаудағы қыз»
12.10, 21:25 «Сұңқар»
13.10 Сұңқар
13:20 «Тату-тәтті», реалити шоу
15:00 Ақпарат
15.30 інжу маржан
16.05 Т/х«Сырғалым»
20.30 «Ашық алаң» ток-шоу
22.15 Телехикая «Бауырлар»
23.10 «1001 түн» қоғамдық бағдарлама, тікелей эфир
00.45 «Ашық алаң» ток-шоу
01.45 сана
02.40 «Тату-тәтті» реалити шоу

ХАБАР

05.00 01:00 ҚР Әнұран
05:00 Худ.фильм. Пәленшеевтер-2
07.00 «Оян!» тікелей эфир
10.00 «Неосеть»
10:20 мультфильм
12.00 20.00 Тағдырға сен -2
14.00 «Шашу»
15.00, 21:45 Т/х «Рауза»
16.00, 23:30 Сериал «Следствие любви»
18.00 Новости
18.25 Ток- шоу «Итоги»
19.00 Жаңалықтар
19.25 Ток шоу «Талқы»
22.30 Хабарлайк

АСТАНА

Телеканал «Астана» отсутствует по независящим от газеты «Алатау»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10:10 «Модный приговор»
11.00 «Давай поженимся!»
11.55 Между двух огней
14.00 новости
14.15 жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал
00.15 Ночной кинотеатр
02.05 новости

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАН
07:05 кешкі жаңалықтар
07.55 04.30 Т/х «Жат туыстар» отандық телехикая
08.45 вечерние новости
09.20 было дело
10.10 «Игры детей старшего возраста»
11.10 «Вскрытие покажет»
11.00 «Парад юмора» ш/п
13:40 «Маруся»
15.35 Өртенген сезім
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Дау-дамайсыз»
21.00 Вечерние новости
21.35 Мелодрама «Маруся»
23.40 детектив
02.00 «Игры детей старшего возраста»
02.45 было дело
03.25 Астарлы ақиқат
04.05 кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Ұлт ұяты»
11.40 «Домбыра»
12.00 «Қатыгез келін»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Табыс кілті»
13.30 «Шіркін-ай»
14.20 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Жас тілші»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «Бүгін» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Мақсатына жеткендер»
19.30 «Әсем әуен»
19.45 «Жетісу-спорт»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05:58 ҚР ӘНҰРАН
06:00 Әзіл студио
07.00 «Информбюро
08.30 «Маша и медведь»м/с
09.30 Ханзада Жумонг
12.40 Кино.
14.50 Кино.
17.20 Кино.
20.00 Информбюро
21.00 Кино
23.00 Ханзада Жумонг
01.40 31-әзіл
03.00 тайм вайн
03:20 Тик ток шоу
03.40 Ватсап
04.00 әзіл студио
04.20 «1001 әзіл»
04.30 Бала батл
05.00 ватсап
05.20 ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05:20 ҚР ӘНҰРАН
06.02 Т/х «Q елі»
07.30, 23.00 Жұлдыздар шеруі
08.30 Мультфильм
10:00, 20.00 сериал «Великолепный век. Хюррем»
12.00, 22.00 «Нити судьбы»
13.00 сериал
15.00 «Күйеу бала »
17.00 сериал «Великолепный век. Хюррем»
19.00 сериал
22.00 Т/х
00.00 КТА
02.00 «зың-зың Күлпәш»
04.00 келесі кім?
05:22 Үзіліс

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СЕМИНАР-ПРАКТИКУМ

БАЛАНЫ ЖАСТАН...

«АЛМАТЫБАСЖОСПАР» ҒЗИ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ ХАБАРЛАУЫНША, АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ТЕРЕКТІ ЫҚШАМ АУДАНЫНДАҒЫ «АЙША» БАЛАБАҚШАСЫНЫҢ АЛАҢЫНДА «ҚАЛДЫҚ ЗАТТАРҒА ЕКІНШІ ӨМІР СЫЙЛАУ» ТАҚЫРЫБЫНДА СЕМИНАР-ПРАКТИКУМ ӨТТІ. ШАРАҒА ҚАЛАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫ, «АТАМЕКЕН» АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІ, ҚОҒАМ БЕЛСЕНДІЛЕРІ МЕН АТА-АНАЛАР ҚАТЫСТЫ.

«Айша» жекеменшік балабақшалар желісінің құрылтайшысы Ұлдар Еділова семинар жұмысын бастап, қазіргі кезде тұрмыстық қалдықтарды сұрыптап жинаудың маңызына тоқталды.

Дүниежүзінде 1950 жылдан бастап жылдық пластик өндірісі 0 деңгейінде болса, 2017 жылы бұл көрсеткіш 335 миллион тоннаға дейін өскен.

БҰҰ-ның Қоршаған ортаны қорғау бағдарламасының мәліметтері бойынша әлемде жыл сайын 400 миллион тонна пластик өндіріледі. Бұл жағдайда шамамен 79%-ы полигондарға немесе қоршаған ортаға түседі. Соның небәрі тек 9%-ы қайта өңделеді.

«*Осы тенденция жалғаса берсе, 2050 жылға қарай әлемдегі пластик қалдықтар мен қоқыстың көлемі 12 млрд. тоннаға жетеді. Демек адамзат қалдықтарды сұрыптап жинап, қайта өңдеуді қолға алмаса, планетаға орасан зор залал келтіріледі*», – деді Ұлдар Еділова.

Микропластик – тамаққа, суға және ауаға енетін диаметрі 5 мм-ге дейінгі ұсақ бөлшектер. Болжам бойынша, планетадағы әрбір адам жылына 50 мыңнан астам пластикалық бөлшектерді тұтынады, ал ингаляцияны ескерсек, ол айтарлықтай көп. Лақтырылған немесе өртенген бір реттік пластик адам денсаулығы мен био алуан түрлілікке зиян келтіреді, тау шыңдарынан теңіз түбіне дейінгі барлық экожүйелерді ластайды. Сондықтан семинарды ұйымдастырушылар күнделікті тұрмыста аса мән бере бермейтін қатты тұрмыстық қалдықтарды ұтымды кәдеге жарату және оларды қайта өңдеуді әріптестеріне және балаларға түсіндірудің маңызды екенін жеткізгісі келеді. Мамандардың айтуынша, балаларға экологиялық тәрбие беруде ата-ананың рөлі орасан.

«*Қазақта баланы жастан деген әдемі тәмсіл бар. Бала тәрбиені айналасына қарап алады, өзгелердің іс-әрекетіне еліктейді. Сондықтан тұрмыстық қалдықтардың тасталуын азайту жолында ата-ана, балабақша тәрбиешілері, қоғам болып бала санасына сіңіруі к*ерек», – деп атап өтті Ұлдар Еділова.

Семинар-практикум барысында «Жібек жолы – этно ұлттық тәрбие» көрінісі қойылды. Көрініс барысында балабақша мамандары балалармен бірге ұжымдық жұмыс жүргізді. Қалдық материалдардан жұмыртқа латогі, дәрет қағазы, картондардан көлемді түйе мүсіні, көптеген жануарлар мүсіндері жасалды. Папие-маше әдісі қолданылды. Осы процесте балалардың еңбек етуге талпынысы, құлшынысы сезілді.

«*Қоқысты сұрыптау сияқты дағды тәрбие экологиялық мәселелермен тығыз байланысты екені белгілі. Саналы және дені сау ұрпақты тәрбиелеу үшін баланы планетамызға қамқорлық жасауға үйрету маңызды. Осы бағытта балабақшалардағы осындай практикумдар өте тиімді тәлім деп санаймын*», – деді Алатау аудандық білім бөлімінің бас маманы Мәншүк Зейітова.

Кездесуде Алматы қаласы кәсіпкерлер палатасының сарапшысы Жанар Ибрагимова нарықтық экономикада баланы жастайынан кәсіпке баулу маңызды екенін айтты.

«*Бала тәрбиешінің қасында жүріп жоқтан барды жасауды үйренеді, утильге кеткен дүниелерге екінші дем беріп, шығынсыз өнім дайындауға болатынын, оны жәрмеңкеге шығарып сатып жатқан жағдайда кіріс пен шығысты есептеуді, кәсіпті дөңгелетуді зерделейді. Қаржылық сауаттылық та балабақшадан басталады*», – деді Жанар Ибрагимова.

Қоқысты дұрыс жинап, кәдеге жарату бағытындағы кәсіпорындардың да рөлі маңызды. Мысалы, «Kazakhstan Waste Recycling» ЖШС ай сайын шамамен 4000 тонна макулатура жинайды және сұрыптайды, осылайша 85 мыңға жуық ағаш немесе 10 шаршы шақырым орманды кесуден сақтайды.

Сонымен қатар балақайлар «Бір уыс мақта» ертегісі, «Я получил двойку» қойылымын сомдады. Қуыршақтар театрының реквизиттері, қуыршақтары шұлықтан, ескі ойыншықтардан жасалған.

Семинар барысында мектепке дейінгі білім мамандары мен ата-аналарға қалдықтардан пайдалы ойыншық жасау шеберлік сабағы өтті. Ата-аналарға қалдық заттардан балалардың дамуына үлесі бар ойындары бойынша лайфхак көрсетілді. «Айша» балабақшасының психологі Мөлдір Серікқызы қатысушыларға «Жыл мезгілі» атты жаттығуды көрсетіп, бірге жаттығу жасады. Айта кетелік, «Айша» жекеменшік балабақшасында 250 бүлдіршін тәрбиеленіп жатыр.

Ш. ХАМИТОВ.

ӘСКЕРИ ӨМІР

ТЕРРОРИЗМГЕ ЖОЛ ЖОҚ!

Жетісу гарнизонына қарасты әскери бөлімдерінде терроризм мен экстремизмнің жалған религиялық ағым сенімнің жетегінде кетуді болдырмаудың алдын алу бойынша кездесу ұйымдастырылды.

48386 және 54380 әскери бөлімдерінің жеке құрамымен өткізілген шараға мерзімді қызметтегі сарбаздар, келісім шарт бойынша әскери қызметшілер және офицерлер құрамы тартылды.

Кездесуге Әскери полиция бөлімінің алдын алу бөлімшесінің бастығы әділет майоры Нұрбол Зейтинов, Талдықорған қаласының полиция басқармасының аға жедел уәкілі полиция майоры Айдын Бимұратов, Республикалық ақпараттық түсіндіру тобының мүшесі дін танушы Тимур Нүсіпханов, Жетісу облысы діни басқармасының директоры Дәулет Қазкенов қатысты.

Шарада әскери ортадағы қайтарымсыз шығындарды болдырмау, терроризм мен экстремизмнің жалған религиялық ағым сенімнің жетегінде кетуді алдын алу бойынша «Бабамыз сақтап берген тәуелсіздік» тақырыбында әңгіме-сұхбат ұйымдастырылды. Сонымен қатар осы жылға арналған «Өмірді сақта» бағдарламасы талаптарын орындау үшін әскери ортада құқық бұзушылық пен тәртіп бұзушылықтың, әскери қызметшілердің өмірі мен денсаулығын сақтау жөніндегі жоспары да осы кездесу барысында жан-жақты талқыланды.

ҚОҒАМ ДЕРТІ

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ

18404 әскери бөлім басшылығының ұйымдастыруымен тұрмыстық зорлық-зомбылық тақырыбындағы іс-шара өтті.

Шара аясында әйелдерді қолдаудың өңірлік орталығының мамандары тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресу әрбір азаматтың алдындағы борышы екенін айтты.

Мұнан кейін «Форте» банк қызметкерлерімен қаржылық сауаттылық бойынша семинар жалғасын тапты.

Шара соңында зорлық-зомбылық тақырыбында арнайы дайындалған бейнеролик көрсетіліп, әскери қызметшілердің жұбайларымен анонимді сауалнама мен сыни жағдайларға тест өткізілді.

Жетісу гарнизонының баспасөз қызметі.

ҚОРШАҒАН ОРТА

АДАМ – ТАБИҒАТТЫҢ АЖЫРАМАС БӨЛІГІ. ТАБИҒАТ ТІРШІЛІКТІҢ ҚҰТ-БЕРЕКЕСІ, ЕЖЕЛДЕН ӨМІР СҮРІП КЕЛЕТІН ОРТАСЫ.

АДАМЗАТТЫҢ ТАБИҒАТСЫЗ КҮНІ ЖОҚ...

Қазіргі кезде экология мәселесі күрделеніп барады. Айналаға қоқыс тастап ластамай, адамдардың арасында қоғамдық сананы, мәдениетті қалыптастыру керек.

Жастарды кез келген жерге қоқыс тастамауға, қоршаған ортаға жан бітіріп түрлі ағаштар отырғызып, табиғатымызды көркейтуге тәрбиелеуге тиіспіз.

«Адамзаттың табиғатсыз күні жоқ, табиғаттың оны айтуға тілі жоқ» деп халық даналығында айтылғандай, табиғаттың жанашыры болып, өзімізге жүктелген міндетті біліп жүрейік!

Ержан НҰҒМАН,
«Қаратал орман шаруашылығы» КММ-нің орман күтушісі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘҢГІМЕ

Бәс

Хан жайлаудың үсті. Отарын жалпақ беткейге жусатып тастап, әкей де түскі шайға келген беті сол еді. Колхоздың басқа қой фермасында мал дәрігері болып істейтін жездем Жұмабай да жолай бізге соғып, шай ішіп отырғанбыз. Ит үрген соң, тысқа шықсам, Көкшапан жақтан үш-төрт салт атты біздің үйді бетке алып, сайдан шығып келеді екен.

– Санақшылар ғой деймін, екі-үш салт атты бізге қарай өрлеп келеді, – деп үйдегілерді құлақтандырдым.

– Олар болса атқа мін де, қойды санақ тасқа қарай айдап келе бер, – деді әкей. Қонақтар келе жатқан сайдың төбесіне шыға бергендегі бір отар қой сыятындай қоралау тастың қақпа сияқты ашық тұсынан малды шұбырта шығарып, өзіміз де санақ жүргізетіндіктен, қоралау тасты «санақ тас» атап алғанбыз.

Расында да отарды жағалай санап жүрген ферма басшылары екен. Олардың ай сайын келіп, малдың есебін отар кітапшасына жазып, міндетті түрде қойды санайтынын білген соң, оларға сәлем бердім де: «Бармай-ақ қой, малды санамаймыз», – деп айта ма деген ішкі есеппен: «Санауға малды айдап келейін», – дедім. Алайда өзім бәрін де жақсы танитын ферма бастығы Қалиасқар, есепші Молдахан, мал дәрігері Қажытайдың бірде-бірі ондай сөзді айтпаған соң, Ақжалымды тебініп, пырдай болып, беткейде жусап жатқан отарға қарай желдірте жөнелдім. Мен малды қуалап, санақ тасқа қарай қоғамдаған соң, қонақтардан Молдахан есепші мен Жежем екеуі шықты.

– Ал бала, малыңды шығара баста, – деді Молдахан. Менің де бұл шаруадан әбден сенімді серігіме айналған көмекшім – қоспақ мүйізді ақ серкем бар. «Тарт, қане», – деп ақ таяқты сермеп қалып едім, бұл «қызметіне» әбден төселіп алған жануар екі жағында екі адам тұрған екі жартастың ортасына бет алды. Соңынан ешкілер, олардың соңынан қойлар шұбыра бастады. Менің ендігі міндетім – олардың топтанып, нөпір болып өтіп кетпеулері үшін ақ таяқпен жасқап тұру.

Қолындағы қамшысымен әр саулықтың басынан түрткендей санаған есепші Жежеме қарап: «583» , – деді. Ал қозылардың санын анықтауды өз міндетіне алған Жежем қашандағы үйреншікті әдетімен олардың бір тобын уыстап алатындай жайылған саусақтарын бірақ бүгіп: «35, 41, 41–45», – деп топтап санайды. Есепші қой-қозының санын қойын дәптеріне жазып алды.

Ол қой-қозының санын отар кітапшасына жазып, кіріс-шығысын түгендегенше құрт-ірімшігі мен сары майын молдап салған шай дастарқаны да даяр болған.

– Ет болмады, құрғақ шай ішесіздер, – деді шешей кінәлі адамдай.

– Мал өлсе, бас-сирақ, ішек-қарнына бір қаужаңдап қалушы едік. Бірер айдан бері қызылсырап-ақ қалдық. Әкейдің бұл сөзі де ауырып-сырқап, мал өлсе ғана тістері қызарғанға тиетінін, әйтпесе мал баққандарда «өзіміздікі» дейтін тышқақ лақтың болмайтынын, өлген малдың да сұрпы етін бригадирлердің хаттап-шоттап алып кететінін жұқалап қана басшылардың естеріне салғандай.

– Мың қой айдап отырған ата-енемнің үйіне келіп, етке бір тоямын деп едім, құрт-ірімшікті қанағат ететін болдым, – деп Жұмабай жездем пікір қосты.

– Өй, сен сары майды кесеге езіп ішеді дейді ғой. Ет іздеп қайтесің? – Қалиасқар замандасына әзіл айтқан.

– Ауыз толтырып асайтын ет жарықтық көзге көп көрінбеген соң, асқазанды сары маймен алдаймыз да. Әйтпесе, семіздіктен құйрығын көтере алмай жүрген құнан қойды бәске жеп қойған атақты мешкей нағашымның жиені емеспін бе?!

Жездемнің бұл сөзіне сенер-сенбесін білмей отырғандардың біреулері: «Қой, ей, мүмкін емес», – десе, біреулері: «айтшы, Жүке, егер бұл шын болған оқиға болса», – десті.

– Айтайын, – деді жездем. – Сорпа-су аңсап отырғанда жүйкелерің шыдаса. Бала болсам да, көргенімді ұмытпайтын ес жиған кезімде өзім көрген, оның үстіне бертінге дейін ағайындар аңыз ғып айтып жүрген бұл әңгіменің ағаттығы бар деп ойламаймын. «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» бір майрағай да тайрағай, бай бар малын көріп марқайған, кедей байдан түскен нәпақамен тоғайып жүретін заман екен. Нағашымның мешкейлік жыны буып, албастысы ұстаса, бәске тоқтыторымды бір отырғанда жеп кететінін естіген бір бай қызық үшін нағашыма кісі жібереді. «Мен сойғызған қойды жеп кетсе алдына отыз қойды санап беремін. Жей алмаса аты шығып жүрген қара жорғасын белдеуіме байлап кетеді», – деген шарт қойса керек. Ешкімнен ештеңе сұрамастай орташа ғана шаруасы бар нағашым бір жағынан отыз қойға қызыға ма, әлде намысқа тырысты ма, байдың ауылына барар күнін белгілепті. Бай да отыз маңыраганын әлдебіреудің алдына салып берер ессіз емес. Оның есіл-дерті айналаға аты шығып жүрген жездемнің ақпа жорғасын қолға түсіру үшін ойлап тапқаны осы бәс ойыны екен. Өзінің мыңғырған қойларының ішінде май басқан құйрығын көтеріп жүре алмайтын бір ісегі бар екен. Соған екі дөңгелекті кішкене арба жасатып, оның жойдасыз жинаған шикі майын соған артып қояды екен.

Келісілген күні қызық қуған жұрт жиналып, нағашым да қара жорғасына мініп жетсе керек. Тойға келгендей нұрап жатқан жұртқа да қазан-қазан ет астырып, нағашымды да өзіне арналған дастарқанға шақырса керек. Ол жарықтық көгалға сырмақ жайдырып алып, жұртқа тіл қатпай отырады. Қос мүйізі мен төрт қара тұяғынан басқа бәс-қойдың ештеңесін қалдырмай тайқазанға, қос тегенедей құйрығын жеке қазанға асыпты.

Бүре түсетін жемін көрген қыранкөзденіп, шақшиып отырған нағашым бәске ет жейтін кісі емес, қан майданда

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘҢГІМЕ

жекпе-жекке шығатын кісідей сұрланып алыпты.

– Албастысы мен жындарын шақырып отыр, – дейді қызық көрмекшілердің біреуі.

– Алпыс албасты, жетпіс жынын шақырса да, екі қазан қызарғанынан ағарғаны көп майлы етті бір кісіні қойып, он кісі тауыса алмас, – деп екіншісі күмән айтады.

Бір кезде нағашымның: «Өй, жігіттер, жүрегім қарайып бара жатыр, қазандарыңның отын қағыстырсаңдаршы», – деген күркіреген үні естіледі. Мұнысы енді ешқандай албасты-жындарын шақыруы емес, өзін-өзі қайрағаны еді.

Екі жігіт қойдың құйрығын бүркітке жұтқызатын қансоқтаға ұқсатып, ұзыншалап білемдеп, астауға тастап отыр, ал нағашым болса ұсақтау туралған бауырды шайнайды да, бір білем құйрық майды қылқ еткізіп шайнамай жұта салады. Шай қайнатым уақытта астауға туралған құйрық-бауыр желініп болды. Ол кезде қоштауды жұрт қол соғып білдіруді біле бермейді. «Ой, бәрекелді! Тусаң ту!», – деп бір шуласып қалған. Нағашым болса өзімен еріп келген қолдаушы жігіттердің көмегімен орнынан тұрған. Бәстесуші бай да одан көз алар емес. Бәстің шарты бойынша мешкей бәстің асы желініп болғанша дүзге отыруға немесе асқазаннан ас қайтаруға болмайды. Өйтсе бәс тоқтатылып, жеңіс пен жеңіліс жарияланады. Оны жақсы білетін нағашым тайдың қарнындай ішін қос қолымен құшақтай ұстап, отырғандарды айнала қыдырыстады. Бір кезде сүйектері жалаңаштанып, әбден езіліп піскен ет бірнеше астауға түсірілді. Етті жентектеп, жігіттер турап, тұздық құйылған астауға толтырып отырғанда, бір кісі қос жауырыннан басқа он жіліктің, төрт жіліншіктің майын шағып, астауға салды. Ол ғана емес, бастың құйқасын түсірген соң, екі көзі, ми, кеуژіріне дейін, оған қоса үйітілген төрт сирағы табаққа тасталып отырды. Бұл да бәстің шарты екен. Нағашым болса астауға түскен асты түскендей жалпақ алақанымен науа күрекпен күреп алғандай ғып аузына тастайды да, бір толғап жұта береді. Тамам жұртты шулатып, астауға түскен соңғы бір уыс етті жұтқан соң, суытылып, даяр тұрған майлы сорпадан едел-жедел төрт шара кесесін кеңірдекке төңкерген кезде бәске шақырушы бай орнынан тұрып, жұртқа қарап, қолын көтерген.

– Оу, жұртым! Мына Қайрекең жегенін жалмап жататын ішінде жыланы бар мешкей емес, айдаһары бар нағыз жалмауыз екен. Мен жеңілдім, халайық! Ал Қайреке, көгендеулі тұрған отыз қойыңды айдап, ерлігіңе ризалығым ғып берген құлынды биеңді жетелеп қазір қайтсаң да, рұқсат, – деп мәрттік көрсетсін. Сол кезде орнында піскен ет пен құйрық майды толтырып, аузын шымшып буған қазақы қаптай болып отырған нағашым тіл қатсын:

– Оу, Байеке, шартымыз бойынша майлы сорпаның бес шара кесесін ішуім керек еді ғой. Соңғы кесесін ішуге мұрсат бер. Сонан соң «қазір кетсең де» деп, асықтырма! Бүгін мына толтырып алған қарынмен жол жүре алмаспын. Мен өз-өзіме келу үшін сайдағы бұлақтың суын денем бататындай ғып, бөгет. Ең астына ескі қатқан тулақтарды, оның үстіне туырлықты төсеп, далаға жатар орнымды даярлат. Ең соңғы тілегім – ертеңгі асыма бәйбішеңнің соғымнан сақтаған сараласы болса, шәугімге молдап асып берсін.

Байекең айтқанының бәрін орындап, қонағына базынасын да айтыпты.

– Бәске тіккен отыз қойымды, жеңілісімнің жоралғысы деп сыйлаған құлынды биемді әңгіме қылмай-ақ қойдым, мақтаныш қып жүрген тайыншадай қойымды жегеніңмен қоймай, тулықтарымды жібітіп, туырлығымды майға малшындырып кеттің. Ең соңында сен сүт пісірімдей уақыт шомылған бөгеудің бетін жарты елідей қатқан майдан жиіркеніп, жылқыларым су ішпей қойды. Осының бәрі өзімнің соқтыққанымның кесірінен, өзіңнен шеккен зияным, – деп ол мешкейдің бетіне қарап, жымиған. – Қарсы болмасаң, осының бәрінің өтеуі дейсің бе, әлде ағайынның бір қолқасын жерге тастамайын дейсің бе, әйтеуір бірер айдан соң менімен бірге Өркерей еліне барып қайтсақ.

– Иә, жайшылық па? – деп сұрайды нағашым.

– Сол елден бірер айдан соң келін түсірейін деп отырмын. Олардың «Тойға ертіп келген күйші-жыршы, палуан, айтыскер-ақын, жорға-жүйрікпен қоса мешкейің бар ма деуі мүмкін ғой», – дегенде, нағашым: «Мен дайынмын», – депті… – Сол тойдан үлкен абыроймен оралған нағашымның атағы елге жайылса керек.

Жүкең әңгімесін аяқтап, оның сөзін шашау шығармай тыңдап отырғандарға қараған.

– Сенуі қиын әңгіме екен, – деді ферма меңгерушісі Қалиасқар.

– Әр жерлерде осындай мешкейлер болыпты дейтін аңыздар бар ғой, – деді Молдахан.

– Несі бар, құнан қой жей алмасам да, тоқты-торымды жеп қоятын мешкейлігімді жасырып, айтпай жүр едім, – деп Қажытай мал дәрігері әңгіме бастады.

– Қой-ей, қайдағыны айтпай!

– «Қоянның өзін көріп, қалжасынан түңіл» деген.

– Бәкене ғана бойың бар, қой жейтін қандай ойың бар, – деп бәрі оны күлкі қылған.

– Жеже, – деді Қажекең қабағын түйіп. – Ақыры мыналар мені күлкі қыла бастаған екен. Көрсетейін бұларға. Қазір бір арамза туған семіз марқаны алдырып, сойыңыз. Бұл заманның нағыз мешкейінің қастарында жүргенін мен бұларға ешқандай бәссізақ көрсетейін… Әлі есепке алынбаған кенже туған қозы бар ма еді?

– Бар, – деді Жежем.

– Онда оны кірістемейақ қоярмыз. Қазір сойылар марқаның орнына сол есепке алынады.

Басшылардың өздерінің рұқсатымен кейде осындай тәсіл қолданатынын мен де білетінмін. Ол соңғы тапсырмасын маған берді.

– Марқаны әкеліп бер де, атыңа мініп, таяу маңда отырған Түсіпбек, Қазыбек, Зәкөштерді шақырып кел. Көрсін менің өнерімді.

Басқа қонақтар да оның әзілсіз айтқан сөзіне сенер-сенбесін білмей, бір-біріне қарасып, аң-таң күй кешкендей…

Бір ет асым уақыт ішінде семіз марқа сойылып, төрт қара тұяғынан басқасы толайымен қазанға түскен. Осынау тосын хабарды естіген қойшылар да малдарын бала-шағаларына тапсырып, біздің үйге келе бастаған.

Қазандағы еттің көбігі алынып, бүлк-бүлк қайнап жатқан кезде жиналғандар Қажекеңнің өздері бұрын-соңды естіп-білмеген өнері туралы гу-гу әңгіме қыздырған кезде, Қажекең: «Жыным буып отыр. Тысқа шығып, әрі-бері жүріп қайтайын», – деп орнынан тұрған. Үйден шыға жұртқа естірте қазан-ошақтың басында жүрген шешеме:

– Жеңеше, тым езіліп кетпесін. Тезірек жемесем жүрегім қарайып бара жатыр, – деген тапсырмасын берген. Тым езілмей піскен марқа еті тағы біраз уақыт өткен соң, үлкен ақ тегенемен буы бұрқырап дастарқанға келгенде, оның өтінішімен Қазыбек пен Зәкөш етті турай бастаған. Біреулері жіліктерді шағып, майын табаққа тастай бастады. Бұл да – бәстің шарты.

– Жейтін өзім ғой, батаны да өзім жасайын деп, «Мал-жан аман болсын, бұдан тәуір заман болсын, Аллаһу акбар!» – деп бетін сипады да, жұртқа қайырылған… – Мұндай намыс үшін желінер асты мен қабылдай бастағанда қысыр сөздеріңді көлденеңдетпей отырыңдар. Тәбетіме тосқауыл болар.

Ол майдан даласына қалдырып кеткен ортаң қол, ортан терек аталатын екі саусақсыз оң қолының үш саусағымен екі жапырақ етті ұзақ шайнаңдап отырып алған. Өзінен көз алмай тамсанып отырғандардың жүйкелерін әбден жұқартайын дегендей үш саусақ асықпай-аптықпай туралған етке бес-алты рет барып қайтқан соң:

– Жә, азаматтар, қалғанын өздерің алыңдар. Қызылсыраған жұрт бір тойсын деген қулығым ғой. Жеже, басты өзіңіз алыңыз.

– Бүйткен өнерің бар болсын, – деп, әкей марқаның басын қолына алды.

– Міне, қызық! – деп Түсіпбек ағамыз санын шапақтап, рахаттана күлсін.

Дегенмен, жапа-тармағай етке бас қойған жұрттың жүзінде «қой жегішке» деген реніш жоқ еді.

Кәдірбек СЕГІЗБАЙҰЛЫ
qazaqadebieti.kz. сайтынан алынды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СЕМИНАР ESCAP ООН

ТРАНСПОРТ БУДУЩЕГО «В ЦИФРЕ»

Цифровое преображение городского транспорта: национальный семинар и региональное совещание как ключевые этапы. Современные вызовы, инновационные решения: национальный семинар и региональное совещание в Алматы по интеграции городского общественного транспорта и применению цифровых технологий.

В период с 28 по 30 мая текущего года на базе ТОО «НИИ «Алматыгенплан» состоялись два ключевых события: Национальный семинар и Региональное совещание по интеграции систем городского общественного транспорта и применению цифровых технологий. Эти мероприятия имеют стратегическое значение в системе развития транспортной инфраструктуры, так как они направлены на обсуждение и внедрение передовых цифровых технологий в сферу городского общественного транспорта, передает пресс-служба пресс-служба НИИ «Алматыгенплан».

Организаторами выступили Экономическая и социальная комиссия для Азии и Тихого океана (ЭСКАТО), акимат г. Алматы, АО «Центр развития города Алматы». Это важное событие собрало представителей государственных структур, общественных организаций, академического сообщества и частный сектор для обмена идеями и опытом, а также для формирования стратегических партнерств.

В мероприятии приняли участие эксперты в области транспорта из стран участниц ЭСКАТО: Казахстан, Российская Федерация, Кыргызстан, Армения, Азербайджан, Таджикистан, Бангладеш, Малазия, Шри-Ланка, Пакистан, Монголия, Грузия, Индонезия, Мальдивы и др.

Работу Национального семинара по интеграции систем городского общественного транспорта и применению цифровых технологий от имени ЭСКАТО ООН открыл г-н Мадан Б. Регми. Представитель отдела транспорта ЭСКАТО сделал региональный обзор устойчивости и интеграции городских систем общественного транспорта.

Выступая с презентацией, Председатель правления АО «Центр развития Алматы» (ЦРА) Андрей Шовкопляс отметил, что для обеспечения устойчивого развития города реализуется Программа, которая поддерживает и усиливает преимущества и сильные стороны города, а также направлена на решение проблем и укреплению слабых сторон. При реализации проектов в рамках «Программы развития Алматы до 2025 года и среднесрочные перспективы до 2030» используются лучшие мировые практики, учитывается мнение местных экспертов и жителей.

«Общественный транспорт играет ключевую роль в комфорте перемещения горожан, снижении загруженности дорог и улучшения качества воздуха. Цель – увеличить число ежедневных поездок на общественном транспорте на 300 тысяч к 2025 году и на 900 тысяч к 2030 год», - сказал Андрей Шовкопляс.

Также в ходе совещания было заявлено, что в рамках инициативы «Алматы – Смарт сити» ЦРА продолжает работу над цифровизацией городских услуг, внедрением аналитики больших данных и умных технологий для повышения эффективности управления городом, в том числе и транспортом.

«До 2030 года мы планируем улучшить качество перевозок общественным транспортом, увеличить количество скоростных маршрутов и запустить первую линию легкорельсового транспорта LRT. Эти усилия направлены на достиения Цели Устойчивого Развития номер 11 – «Сделать города и населенные пункты инклюзивными, безопасными, устойчивыми и экологичными», - подытожил Председатель правления ЦРА.

Выступления и панельные дискуссии спикеров касались широкого спектра тем, включая управление транспортными потоками, оптимизацию маршрутов, внедрение электронных платежных систем, разработку мобильных приложений для пассажиров, а также устойчивость и экологичность городского транспорта.

По завершению национального семинара стартовало Региональное совещание по интеграции систем городского общественного транспорта и применению цифровых технологий, на котором выступили лидеры отрасли транспортной интеграции и цифровых технологий, представив примеры успешной реализации цифровых инноваций. Эти примеры демонстрируют потенциал изменения городского транспортного ландшафта через внедрение современных технологий.

Было уделено внимание вопросам повышения устойчивости и интеграции городских систем общественного транспорта, местных и национальных проблем и перспектив в данной сфере.

«Региональное совещание в Алматы стало важным шагом в направлении содействия глобальной интеграции цифровых технологий в сферу городского общественного транспорта. Мы рады, что участники из более 20 стран смогли обменяться передовым опытом и найти общие решения для современных транспортных вызовов», - отметил т г-н Сайед Минхас Махмуд, сотрудник отдела министерства связи Исламской Республики Пакистан.

По мнению Рузанны Айвазян, начальника управления автомобильно-транспортной политики Министерства территориального управления и инфраструктуры Республики Армения, совещание выявило важность международного сотрудничества и обмена знаниями в сфере транспортной интеграции и цифровых технологий, а также подтвердило готовность участников к дальнейшему сотрудничеству в этом направлении. Это уникальная возможность для обмена лучшим международным опытом и внесение собственных инициатив в дело развития современных технологий в городском транспорте.

«Региональное совещание в Алматы предоставило эффективную площадку для активного диалога и обмена опытом между профессионалами, которые стремятся сделать общественный транспорт более эффективным и удобным для всех горожан. Мы уверены, что интеграция цифровых технологий в этой сфере играет ключевую роль в достижении поставленной цели», - отмечает Фуад Джафарлы, директор департамента транспортного планирования, Агентство наземного транспорта Азербайджана.

Региональное совещание завершилось рядом важных выводов. Обмен опытом и знаниями между участниками позволил выделить ключевые идеи по совершенствованию системы общественного транспорта.

«Уверены, что обсужденные на совещании идеи и предложения окажут положительное влияние на развитие городов, а также на повышение удобства, доступности общественного транспорта для всех граждан. Благодарим всех за активное участие и вклад в общее дело развития транспортной системы», - подытожила заместитель Председателя правления ЦРА Жанар Габдуллина.

Ш.ХАМИТОВ.

ГАЗОСНАБЖЕНИЕ

ПРЕДЕЛЬНЫЕ ЦЕНЫ НА ТОВАРНЫЙ ГАЗ УТВЕРДИЛИ В КАЗАХСТАНЕ

Министр энергетики приказами от 31 мая 2024 года утвердил предельные цены оптовой реализации товарного газа на внутреннем рынке РК, а также цены для крупных коммерческих потребителей и майнеров, передает корреспондент агентства Kazinform.

С 1 июля 2024 года по 30 июня 2025 года оптовая цена одной тысячи кубометров товарного газа для крупных коммерческих потребителей и майнеров в регионах Казахстана составит.

в Астане, Акмолинской, Карагандинской областях и области Улытау — 52 033 тенге;

в Алматы, Алматинской области, области Жетысу — 63 905 тенге;

в Шымкенте, Туркестанской области — 59 268 тенге;

в Жамбылской области — 58 866 тенге;

в Актюбинской области — 34 333 тенге;

в Костанайской области — 48 424 тенге;

в Кызылординской области — 45 522 тенге;

в Мангистауской области — 32 942 тенге;

в Западно-Казахстанской области — 31 637 тенге;

в Атырауской области — 23 996 тенге;

в Восточно-Казахстанской области — 10 891 тенге.

Приказ вводится в действие с 4 июня 2024 года.

Также обновлены предельные цены оптовой реализации товарного газа на внутреннем рынке. Новая предельная цена в тенге за тысячу кубических метров без НДС с 1 июля 2024 года по 30 июня 2025 года составит.

в Астане — 29 757 тенге (было 28 405 тенге);

в Алматы — 29 873 тенге (было 28 115 тенге);

в Шымкенте — 29 341 тенге (было 29 340 тенге).

При этом предусматривается поэтапное увеличение цены в течение пяти лет до 1 июля 2028 года.

Так, с 1 июля 2027 года по 30 июня 2028 года предельная цена в тенге за тысячу кубических метров без учета НДС составит.

в Астане — 37 312 тенге;

в Алматы — 45 065 тенге;

в Шымкенте — 40 569 тенге.

Цены в остальных регионах можно посмотреть по ссылке.

Приказ вводится в действие с 4 июня.

Бейсенбі - Четверг, 13 маусым

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 04.35 «Әнұран»
06.05 «Жәдігер» д/ф
06.30, 04.10 «Тіршілік»
07.00 «Таңшолпан» таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама, тікелей эфир.
10.00,13.00, 15.00, 20.00, 00.45 «Ақпарат»
10.10, 18.00 Т/х«Құрсаудағы қыз»
12.10, 21:25 «Сұңқар»
13.10 Сұңқар
13:20 «Тату-тәтті», реалити шоу
15:15 Отандастар
15.30 інжу маржан
16.05 Т/х«Сырғалым»
20.30 «Ашық алаң» ток-шоу
22.15 Телехикая «Бауырлар»
23.10 «1001 түн» қоғамдық бағдарлама, тікелей эфир
01.25 «Ашық алаң» ток-шоу
02.10 сана
03.15 «Тату-тәтті» реалити шоу

ХАБАР

05.00 01:00 ҚР Әнұран
05:00 Худ.фильм. Пәленшеевтер-2
07.00 «Оян!» тікелей эфир
10.00 «Культурный контекст»
10:35 мультфильм
12.00, 20.00 Тағдырға сен -2
14.00 «Шашу»
15.00, 21:45 Т/х «Рауза»
16.00, 23:30 Сериал «Следствие любви»
18.00 Новости
18.25 Ток- шоу «Итоги»
19.00 Жаңалықтар
19.25 Ток шоу «Талқы»
22.30 Хабарлайк

АСТАНА

Телеканал «Астана» отсутствует по независящим от газеты «Алатау»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10:10 «Модный приговор»
11.00 «Давай поженимся!»
11.50 Между двух огней
14.00 новости
14.15 жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал
00.15 фильм
02.05 новости
02.20 жаңалықтар
02.35 көреміз
03.20 басты жаңалықтар
03.45 паутина

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАН
07:05 кешкі жаңалықтар
07.55, 04.30 Т/х «Жат туыстар» отандық телехикая
08.45 вечерние новости
09.20 было дело
10.10 «Игры детей старшего возраста»
11.10 «Вскрытие покажет»
13:40 «Маруся»
15.35 Өртенген сезім
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Дау-дамайсыз»
21.00 Вечерние новости
21.35 Мелодрама «Маруся»
23.40 детектив
02.00 «Игры детей старшего возраста»
02.45 было дело
03.25 Астарлы ақиқат
04.05 кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Ділмар»
11.40 «Домбыра»
12.00 «Бүгін»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Мақсатына жеткендер»
13.30 «Шаңырақ»/тікелей эфир
14.20 «Жетісу-спорт»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Алданған бейкүнә қыз»
17.00 «Дала үні»
17.40 «Әсем әуен»
18.00 «Сегодня» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Менің арманым»
19.30 «Ащы да болса...»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетісу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05:58 ҚР ӘНҰРАН
06:00 Әзіл студио
07.00 «Информбюро
08.00 тайм вайн
08.30 «Маша и медведь»м/с
09.20 Ханзада Жумонг
12.30 Кино.
15.20 Кино.
17.20 Кино.
20.00 Информбюро
21.00 Кино
23.20 Ханзада Жумонг
01.40 31-әзіл
03.00 тайм вайн
03:20 Тик ток шоу
03.40 Ватсап
04.00 әзіл студио
04.20 «1001 әзіл»
04.30 Бала батл
05.00 ватсап
05.20 ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05:20 ҚР ӘНҰРАН
06.02 Т/х «Q елі»
06.30, 23.00 Жұлдыздар шеруі
08.30 Мультфильм
10:00, 20.00 сериал «Великолепный век. Хюррем»
12.00, 22.00 «Нити судьбы»
13.00 сериал
15.00 «Күйеу бала »
17.00 сериал «Великолепный век. Хюррем»
19.00 сериал
22.00 Т/х
00.00 КТА
02.00 «зың-зың Күлпәш»
04.00 келесі кім?
05:22 Үзіліс

Жұма - Пятница, 14 маусым

ҚАЗАҚСТАН

06.00,04.25 Әнұран
06.05 «Мұра»
06.30,10.00,
13.00,15.00,20.00,01.55 Ақпарат
07.00 «Таншолпан»
10.10, 18.00 Телехикая «Құрсаудағы қыз»
12.10, 13.10, 21.25 «Сұңқар»
13.20 «Тату-тәтті»
15.15 «Бірегей»
16.05 «Сырғалым»
20.30 «Ашық алаң»
22.15 «Бауырлар»
23.20 «Көңіл толқыны»
23.50 Футбол
02.30 «Ашық алаң»
03.20 «Сана»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Пәленшеевтер-3»
07.00 Тікелей эфирде «Оян!»
10.00 «Мәдени бағдар»
10.20 «Том Сойер»
12.00, 20.00 Т/х «Тағдырға сен-2»
14.00 «Шашу»
15.00,21.45 «Рауза»
16.00 «Следствие любви»
18.00 Новости
18.25 Ток-шоу «Итоги»
19.00 Жаңалықтар
19.25 Ток-шоу «Талқы»
22.30 «Национальный интерес»
23.30 «Бессмертие»

АСТАНА

Телеканал «Астана» отсутствует по независящим от газеты «Алатау» причинам.

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Партнеры по преступлению»
07.00 «П@утина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.10 «Жить здорово!»
11.00 «Давай поженимся!»
11.50 Сериал «Между двух огней»
14.00 Новости
14.15 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.30 «Парламент ONLINE»
20.50 «Поле чудес»
22.00 «Запасный выход»
01.45 Новости
02.00 Жаңалықтар
02.15 «KOREMIZ»
03.00 Басты жаңалықтар
03.30 «П@утина»

КТК

07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
07.30 «Жат туыстар»
08.45 Вечерние новости
09.20 «Было дело»
10.10 «Тайна лилит»
11.20 «Вскрытие покажет»
13.40 Мелодрама «Маруся»
15.35 «Намыс»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Дау-дамайсыз.Күнде»
21.00 Вечерние новости
21.35 «Маруся»
01.05 «Тайна лилит»
02.15 «Было дело»
02.55 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
03.20 «Жат туыстар»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Өзекжарды»
11.30 «Домбыра»
12.00 «Сегодня»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Менің арманым»
13.30 «Дала үні»
14.15 «Әсем әуен»
14.30 «Ащы да болса...»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 К/ф «Бір уыс бидай»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «Иман нұры»
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Әсем әуен»
19.30 «Ел мен жер»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетісу)
22.00 «Менің балалық шағым»
22.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студио
07.00 Информбюро
08.00 TikTok show
08.30 «Маша и медведь»
09.30 «Ханзада Жумонг»
12.40 «Ризамын»
13.10 «Маша и медведь»
13.40 Кино «Спайдервик. Хроники»
15.40 «Эон флакс»
17.40 Кино «Элизиум. Рай не на земле»
20.00 Информбюро
21.00 «Обитель зла-3»
23.00 «Ханзада Жумонг»
01.40 «31 әзіл»
03.00 Time Vine
03.20 TikTok show
04.00 Әзіл студио
04.20 1001 Әзіл
04.30 «BALLA BATLLE»
05.00 What 's up?
05.20 Ризамын

7 КАНАЛ

06.02 «Q –елі»
06.30 «Жұлдыздар шеруі»
07.30, 23.00 Телехикая «Тағдыр ойыны»
08.30 «Синий трактор»
10.00, 20.00 «Великолелный век, хюррем»
12.00, 22.00 «Нити судьбы»
13.00 «Критический возраст»
15.00 «Күйеу бала»
17.00 «Ғаламат ғасыр. Хюррем»
19.00 «Сын»
00.00 «Көңілді тапқырлар алаңы»
02.00 «Зың-зың Күлпәш»
04.00 «Келесі кім»
05.22 Үзіліс

Сенбі - Суббота, 15 маусым

ҚАЗАҚСТАН

06.05,02.55 «Мұра»
06.30,17.00, 00.40 Ақпарат
07.00,02.10 «Зинһар»
07.45 «Алтын қақпа»
08.30 «Шаңырақ»
09.00, 17.40 «Көңіл толқыны»
10.00 Футбол
10.10,18.00 Т/х«Құрсаудағы қыз»
12.00 «Теледәрігер»
13.00 «Сағындырған әндер-ай!»
15.15 «Әзіл әлемі»
17.20 «Әлем және біз»
20.00 «Егіз лебіз»
20.50 Футбол
23.00 «16 Қыз»
01.00 «Әлем және біз»
01.20 «Теледәрігер»
03.25 «Бірегей»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Асыл қазына»
07.00 Концерт «Ән жырым саған, туған ел»
09.00 «Президенский резерв»
09.30 «Ұлы дала ойындары»
10.00 «Мэри поппинс возвращается»
11.45 «Том Сойер»
12.00 «Бессмертные»
14.00 «XII ғасыр көшбасшысы»
15.00 «Алғашқы»
16.00 «Келінжан»
19.00 «Бес жұлдыз»
21.00 Ақпарат арнасы «7 күн» сараптамалық
21.40 «Несносные леди»
23.40 «Әке бақыты»
00.30 «Әсем әндер»

АСТАНА

Телеканал «Астана» отсутствует по независящим от газеты «Алатау» причинам.

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Партнеры по преступлению»
07.00 «ТАМАША CITY»
08.05 «П@утина»
09.00 «Старик хоттабыч»
10.45 «Бизнес-план счастья»
14.45 «Любовь матери»
18.30 «АЙНА»
19.00 «Няньки»
20.45 «Два сердца»
00.30 «Заза»
02.10 «Айна»
02.40 «П@утина»
03.25 «ТАМАША CITY»

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «Туған жер»
07.55 «Өмір-өзен»
09.35 Вечерние новости
10.15 «Было дело»
11.45 «Маруся»
15.55 «Өмір – сынақ»
19.30 «Менің әкем-ең жақсы адам»
21.00 «Весна перемен»
01.05 «Дурь»
03.20 «Өмір-өзен»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Менің балалық шағым»
11.40 «Домбыра»
12.00 «Иман нұры»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Әсем әуен»
13.30 «Шашу»
14.15 «Жетісу жауһарлары»
14.30 «Ел мен жер»
15.00 «Шаңырақ»
15.50 «Әсем әуен»
17.00 «Шашу»
17.50 «Жетісу жауһарлары»
18.00 «Жас тілші»
18.30 «Өмірлік бағдар»
19.00 «Ұлт ұяты»
19.45 «Жетісу-спорт»
20.00 «Әсем әуен»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.20 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 КР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студио
07.00 М/с «Маша и медведь»
08.00 Ризамын
08.30 «Tik-Tok» шоу
09.00 Time Vine
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 Алдараспан
12.30 «Каникулы в Тайланде»
14.30 «Тэд-путешественник и тайна царя Мидаса»
16.30 «Братец медважонок-2»
18.05 Кино «Красавица и чудовище»
21.00 Кино «Великалепная семерка»
00.00 «Обитель зла-3»
01.40 «31 әзіл»
02.20 «Біздің шоу»
03.40 Time Vine
04.00 Әзіл студио
04.30 1001 Әзіл
04.40 BALA BATTLE
05.00 What's up?

7 КАНАЛ

06.02 «Q-елі»
07.00 Әзіл Time
08.30 «Синий трактор»
10.00, 20.00 «Великолепный век. Хюррем»
12.00 «Идеальный пациент»
16.00 «Шаншар-25»
17.00 «Ғаламат ғасыр. Хюррем»
19.00 «Сын»
22.00 «Семейные тайны»
02.00 «Зың-зың Күлпәш»
04.00 «Келесі кім»
05.12 Үзіліс

Жексенбі - Воскресенье, 16 маусым

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 04.05 Әнұран
06.05,03.40 «Мұра»
06.30 «Шаңырақ»
07.00 «Дәуір даналары»
07.45 «Алтын қақпа»
08.30,21.00 « Көңіл толқыны»
09.35 «Ақсауыт»
10.00 Футбол
10.10,18.00 Телехикая «Құрсаудағы қыз»
12.10 «Құс қанат ғұмыр» концерт
14.10 «Сұхбат»
14.30 «Әке»
16.40 «Дәрігерлер күні»
17.05 «Технократтар талқысы»
20.00 «Апта»
20.50 «Ақорда»
22.15 «Ең сұлу»
23.50 Футбол
01.55 «Апта»
02.45 «Ақорда»
02.55 «Күміс көмей»

ХАБАР

05.00 «Асыл қазына»
07.00 «Өмір-өзен»
09.30 Деректі фильм. «Қазақ елі»
10.00 М/ф «Король обезьян»
11.20 М/ф «Том Сойер»
12.00 «Несносные леди»
14.00 «Алғашқы»
14.45 «Бес жұлдыз»
16.30 «Келінжан»
19.30 «Қызық times»
21.00 «7 күн» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы.
21.40 «Отдел журналистских расследовании»
22.10 «Лучшее во мне»
00.10 «Әке бақыты»

АСТАНА

Телеканал «Астана» отсутствует по независящим от газеты «Антенна» причинам.

ЕВРАЗИЯ

06.00 «ТАМАША CITY»
08.00 «П@утина»
08.50 «Воскресные беседы»
09.00 «Проуют»
10.00 «Больше, чем врач»
14.00 «40+,или геометрия чувств»
18.15 «Соната для горничной»
20.00 «АНАЛТИКА»
20.45 «Солнечный ливень»
00.20 «Три аккорда»
02.00 «П@утина»
02.40 «ТАМАША CITY»

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «Мерекелік концерт»
07.45 «Менің әкем – ең жақсы адам»
10.00 «Юморина»
11.50 «Весна перемен»
16.30 «Өмір-сынақ»
20.00,21.00 «Кел, шырқайық!»
22.00 «Часовщик»
23.50 «Дурь»
02.20 «Было дело»
03.40 «Кел, шырқайық!»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
09.00 Апта /қаз/
10.00 Апта /рус/
11.00 «Менің арманым»
11.30 «Домбыра»
12.00 «Жас тілші»
12.30 «Өмірлік бағдар»
13.00 «Ұлт ұяты»
13.40 «Шашу»
14.30 «Әсем әуен»
14.45 «Жетісу-спорт»
15.00 «Шаңырақ»
15.50 «Әсем әуен»
16.20 «Мақсатына жеткендер»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «Единый народ»
18.30 «Париж-2024»
19.00 «Өзекжарды»
19.30 «Арнайы репортаж»
20.00 «Сапарлайық»
20.30 «Ділмар»
21.30 «Ел іші - өнер кеніші»
22.00 «Шіркін-ай»
22.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
07.00 «Маша и медведь»
08.00 Ризамын
08.30 «Tik-Tok» шоу
09.00 Time Vine
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 «Телебинго»
10.25 Кино. «Тэд-путешественник и тайна царя Мидаса»
12.25 «Братец медвежонок-2»
14.00 «Красавица и чудовище»
16.50 «Повелитель стихий»
19.00 «Сокровище нации»
22.00 «Сокровище нации. Книга тайн»
00.50 «31 Әзіл»
02.10 Ризамын
02.40 Time Vine
03.00 TikTok шоу
03.30 1001 Әзіл
03.40 BALA BATTLE
04.00 What's up?
04.30 Әзіл студио
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.02 «Q-елі»
07.00,16.30 Әзіл Time
08.30 «Синий трактор»
10.00,20.00 «Великолепный век. Хюррем»
12.00 «Семейные тайны»
16.00 «SUPER BOL»
17.00 «Ғаламат ғасыр.Хюррем»
19.00 «СЫН»
22.00 «Жена с того света»
02.00 «Зың-зың Күлпәш»
04.00 «Келесі кім»
05.12 «Үзіліс»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҚР СУДЬЯЛАРЫНЫҢ IX СЪЕЗІ ҚАРСАҢЫНДА

СУДЬЯЛАРДЫҢ СЕГІЗІНШІ СЪЕЗІНДЕ СӨЙЛЕГЕН ПРЕЗИДЕНТІМІЗ Қ.ТОҚАЕВ ҰЛТТЫҚ СОТ ЖҮЙЕСІ ҚОҒАМДАҒЫ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫҢ, ҚҰҚЫҚ ҮСТЕМДІГІНІҢ, ҚОҒАМ МЕН МЕМЛЕКЕТ МҮДДЕЛЕРІН БҰЛЖЫТПАЙ САҚТАУДЫҢ, ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДЫҢ СЕНІМДІ КЕПІЛІ БОЛУҒА ТИІС ЕКЕНІН АТАП КӨРСЕТТІ.

АУҚЫМДЫ ЖҰМЫСТАР АТҚАРЫЛУДА

Бұл жауапты міндеттер судьялар қызметіндегі жауапкершілікті барынша арттыра түсетіні даусыз. Сондықтан сот төрелігін атқару сапасын жақсарта түсу үшін судьялардан қара қылды қақ жарып, әділ де дұрыс шешім қабылдау қатаң талап етіледі.

2016 жылдан бастап соттар, сот төрелігінің үш деңгейлік жүйесіне көшті. Судьялыққа үміткерлерге қойылатын талаптар арттырылды. Тәлімгерлік институттары жетілдірілді және тиімді жұмыс істей бастады, судьялар білімінің үздіксіз жүйесі, біліктілігін арттыру жолға қойылды. Аталған шаралардың бәрі «100 қадам» Ұлт жоспарын жүзеге асырудың дәлелі болып табылады. Атап айтқанда, «100 қадамның» 11-і сот билігін жетілдіруге бағытталған.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев жаңа тарихи жағдайларда белгіленген реформалардың ауадай қажеттілігі мен маңыздылығын атап көрсетіп, бұл іс тек мемлекеттікі ғана емес, бүкіл халықтың мүддесіне қызмет ететіндіктен, бұл реформаларды жүзеге асыруға еліміздің әрбір азаматының қатысуы қажет екеніне де назар аударуда. Атқарылып жатқан ауқымды шаралардың бәрінің түпкі мақсаты бүгінгі заман талабына сай топтасқан, айқын, қол жетімді және заң үстемдігіне негізделген сот төрелігін қалыптастыру болып табылады.

ҮЗДІК ОТЫЗДЫҚҚА АПАРАР «100 НАҚТЫ ҚАДАМ» жоспарының 20-қадамында барлық сот процестеріне бейне және таспаға жазу шараларын міндетті түрде енгізу тапсырылған.

Бүгінгі таңда Жоғарғы Сот Төрағасының бастамасы мен жіті қадағалауының арқасында Республика соттарының 100 пайызы цифрландырылып, барлық сот процесі бейне және таспаға жазу арқылы жүргізілуде. Бұл жетістікке Қазақстан Республикасы ТМД елдерінің арасында бірінші болып жетіп, алып мемлекет – Ресей Федерациясының өзі Қазақстаның бұл жетістігін мойындап, өзінің сот жүйесіне енгізуде. Аталған жәйт Республикамыздың беделін арттырып, халықаралық аренада бәсекеге қабілетті мемлекеттердің қатарында орнын ойып алуда. Осыған орай, сот шешімдерінің сапасын арттыру үшін бірқатар маңызды шаралар жүзеге асырылып, бірыңғай сот тәжірибесін орнықтыруға бағытталған жұмыс жалғасуда.

Сот жүйесінің тәуелсіздігі – Қазақстан Республикасы соттарының құқықтық-ұйымдастырушылық, қаржылық және мамандар саясаты шеңберіндегі дербестігін қамтитын ұғым. Ал жеке судьяның тәуелсіздігі осы ұғымның өзегі ретінде Қазақстан Республикасының Конституциясы нормаларымен және «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңымен кепілденген. Ортақ мүдделерін іске асыру мен қорғау мақсатында судьялардың қоғамдық бірлестіктер құру құқығы да заңмен рәсімделген. Аталған нормалардың іске асырылуының бір дәлелі – Қазақстан Республикасының Судьялар Одағы және Одақ Съезі.

Жалпы сот жүйесінің және судьялардың мүдделерін іске асыру мен қорғау жолында, сот тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында судьялар қауымдастығының атқарып отырған жұмысы тиісті деңгейде ме?

Сот билігінің нағыз тәуелсіздігіне қол жеткізбейінше азаматтар мен заңды тұлғалардың бұзылған құқықтарын, еркіндіктері мен заңды мүдделерін пәрменді қорғау және экономикалық мәселелерді шешу, сыбайлас жемқорлықпен күресу сияқты мәселелерде жетістікке жетуге үміт арту қиын. Жеке судьяның тұтас сот жүйесінің жай-күйіне ықпал ету мүмкіндігі шектеулі. Азаматтық қоғамның бір бөлігі болып табылатын судьялар қауымдастығы – судья мәртебесі бар тұлғаларды біріктіретін кәсіби корпорация. Өзін өзі басқарудың демократиялық қағидалары негізінде құрылған заңды тұлға – Судьялар Одағы арқылы ғана жеке судьялар кәсіби өзекті мәселелер бойынша ортақ тұжырым жасауға қатыса алады. «Соттардың тәуелсіздігі» ұғымының өзі соңғы ғасырда күрделі өзгеріске ұшырады. Қазіргі мағынадағы сот тәуелсіздігі – судья мәртебесінің артықшылығы (привилегиясы) емес, қоғамның әрбір мүшесі мүдделі әлеуметтік-құқықтық құндылық. Дамыған елдер үшін сот жүйесінің тәуелсіздігі – мемлекеттің басым саяси бағыттарының бірі. Сондықтан, судья тәуелсіздігі кепілдігін тек дәстүрлі сот-процестік ауқымда ғана емес, ұйымдастырушылық-басқару бағытында, әсіресе судья карьерасының өсуі, судьяның тәртіптік жауаптылығы сияқты ұрымтал мәселелерді де нығайтуды талап етеді.

Судьяның процессуалдық дербестігі заңмен жеткілікті дәрежеде қорғалған. Сондықтан, сот тәуелсіздігін қамтамасыз етудегі сот қауымдастығы жұмысының басты бағыты ретінде – судьялардың өкілеттігін әкімшілік-ұйымдастырушылық шектеулерден қорғауды ұсынар едім. Мысалы, судьяны қызметінен босату және олардың өкілеттіктерін тоқтату, судьялардың тәртіптік жауаптылығы мәселелерін қарастыруда судьялар қауымдастығының ықпалын арттыру қажет. Мінсіз адам болмайтыны сияқты, мінсіз судья да жоқ. Сот шешімі ешқашан абсолюттік ақиқаттың көрінісі бола алмайды, себебі ол белгілі уақыт аралығында ғана күші бар, өзгеріп отыратын нормаларға негізделген. Судьяның кәсіби қабілеті мен адамгершілік қасиеттері туралы оның әріптестерінен артық ешкім білмейді және оның әдептік жүріс-тұрысын кәсіби қызметінен бөліп қарастыру мүмкін емес.

Осы мәселелердің барлығы ағымдағы жылдың күзінде өткізуге белгіленген Қазақстан Республикасы Судьяларының IX Съезінде қосымша талқыланып, нақты бағыт-бағдар белгіленуге жоспарланған.

Әділет БАҚЫТОВ,
Жетісу облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы.

ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ

ӘЙЕЛДЕР МӘСЕЛЕСІНЕ АЙРЫҚША НАЗАР

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ ЖӘНЕ БІРГЕ ТҰРАТЫН АДАМДАР АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР ТАҚЫРЫБЫ ӘЛЕМНІҢ БАРЛЫҚ ЕЛІНДЕ БАСТЫ МӘСЕЛЕ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. СОНДЫҚТАН БІЗДІҢ ЕЛІМІЗДЕ ДЕ БҰЛ ТҰРҒЫДА АУҚЫМДЫ ЖҰМЫСТАР МЕН ПӘРМЕНДІ ШАРАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛЫП КЕЛЕДІ.

Бұған жақында ғана қолданысқа енген тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жазаның қатаңдатылғаны да жарқын куә болса керек. Отбасылық-тұрмыстық құқық бұзушылықтардың кері әсерінің мәні, бірінші кезекте құқық бұзушыларда барлығына рұқсат етілгендіктен жазасыздық сезімінің қалыптасуы, заңды, сонымен қатар, жалпы қабылданған адамгершілік нормаларын елемеуі болып табылады. Бірақ кез келген отбасылық қақтығыстың ең қауіпті қорытындысы оның балаларға келтірілетін кері әсері болып табылады. Отбасындағы берекесіздік жасөспірімдердің құндылықтық бағдарларының ығысуының басты себебі болып табылады, ата-аналардың тұрақты даулары, қол жұмсаулары кәмелеттік жасқа толмаған бала мінезінде қатыгездік пен кектенуді қалыптастырады және олардың ары қарай заңға қайшы мінез-құлыққа тартылуының қоректендіруші ортасына айналады.

Жалпы әйелдер істері жөніндегі ұйымдар қағаз жүзінде емес, іс жүзінде жүзеге асу керектігін, ашық түрде насихаттап, тұрмыстық зорлық-зомбылық орын алған отбасы мүшелерімен пікір таластырып, сотқа дейін жеткізбей, осындай ұйымдардың бар екенін түсіндіріп, жұмыстар жүргізу керектігін, гендерлік саясаттың жүзеге асуына баршамыздың ықпал етуіміз қажет деп ойлаймын.

Гендерлік саясат стратегиясын жүзеге асырудың арқасында отбасындағы тепе-теңдік пен үйлесімділік, яғни, түсіністік пен ауызбірлік қалыптасады. Әйелдер мәселесіне айрықша назар аударудың арқасында бүгінгі таңда қазақ қыздары өздерінің ұлттық ерекшеліктерін, табиғи нәзіктігін, ибалылықты сақтай отырып, қоғамдағы іс-әрекеттердің барлық түрлеріне белсене араласып жетістікке жетсе, нұр үстіне нұр болар еді.

Зарина БЕРЛІҚОЖАНОВА,
Жетісу облысының кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ

БЕЛСЕНДІ АЗАМАТТЫҚ ҰСТАНЫМ ЖОЛЫНДА

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ БҮГІНГІ ТАҢДА БАРЛЫҚ ӘЛЕМДІ АЛАҢДАТЫП ОТЫРҒАНДЫҚТАН ҚАЗАҚСТАНДА ДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС МЕМЛЕКЕТ САЯСАТЫНЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫНЫҢ БІРІ БОЛЫП АЙҚЫНДАЛҒАН ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕСКЕ ЖАЛПЫ МЕМЛЕКЕТТІК МӘРТЕБЕ БЕРІЛГЕН. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ЖОЮ ЖӘНЕ ОНЫҢ КӨРІНІСТЕРІН БОЛДЫРМАУ ЖӨНІНДЕ ҚОҒАМДЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ КҮШТЕРМЕН БІРЛЕСІП, СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚЫРУАР ЖҰМЫСТАР ІСКЕ АСЫРЫЛЫП КЕЛЕДІ.

Осы әлеуметтік кеселдің жолын кесу бағытында «Қазақстан – 2050» стратегиясында белгіленген мақсаттар мен міндеттер жүзеге асырылуда. Осы орайда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стретегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады.

Айталық, енді «сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет» мәнін ашып көрейік. Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті дегеніміз, ол сол тұлғаның қоғам қауіпсіздігіне және игілігіне сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы білімін қамтитын қасиеті; ол индивидтің жай ғана сыбайлас жемқорлықты төзбеуі ғана емес, сонымен қатар оны жоюға, онымен күресуге талпынуы.

Сайып келгенде, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет дегеніміз ол жемқорлыққа қарсы белсенді азаматтық ұстаным қалыптастыру. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет тұлғада құқықтық шеңберде іс-әрекет етуі үшін белгілі бір біліктіліктердің болуын талап етеді, олар: жемқорлықты әлеуметтік дерт ретінде тани білуі; жемқорлық көріністеріне қатысты материалдарды объективті және сыни көзбен бағалай білуі; сыбайлас жемқорлықпен күрес негіздерін және оның қоғам өмірінің кез келген саласында деңгейін төмендету үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалана білуі. Демек, әрбір адамның белгілі бір деңгейде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті болуын қалыптастыруға қол жеткізуге болады.

Алма АҚЖОЛОВА,
Алматы облысы МАЭС-ның бас маманы.

МАМАН МІНБЕРІ

ЖАУАПТЫ ДА МӘРТЕБЕЛІ МІНДЕТ

Мемлекеттік қызмет – міндет бұл барлық мемлекеттік басқаруды ұйымдастырудағы жетекші рөлді атқаратын мемлекет жүйесінің ең маңызды тетіктерінің бірі. Кез келген қоғам мемлекеттік басқарусыз, яғни мемлекеттік қызметшілерсіз әрекет етуі мүмкін емес. Билікке деген сенім қазіргі қоғамның талаптарына сай мемлекеттік қызметшіден басталады.

Мемлекеттік қызмет ел игілігі жолындағы жауапты да, абыройлы міндет. Ал, мемлекеттік қызметкер қоғамның бетке ұстары десек әсерлеп айтқанымыз болмас. Неге десеңіз, елде жүргізіліп жатқан реформалар, маңызды стратегиялық бағдарламаларды халыққа жеткізуші, оның орындалуына ықпал етуші осы саланың мамандары. Сондықтан, олар әртүрлі салада қызмет еткендерімен мақсат-міндеттері ортақ. Елдің игілігіне еңбек ету.

Халықтың сенімін ақтап, туған елің үшін қызмет ету асқан жауапкершілікті талап етеді. Сот саласында мемлекеттік қызметші болу – бұл үлкен абырой мен міндет. Сот жүйесіне деген халықтың сенімін арттыру ол сапалы қызмет көрсету, құжаттарды сауатты әзірлеу, заңдарды басшылыққа ала отырып құқықтық кеңес беру, халыққа адал қызмет етіп және сыбайлас жемқорлыққа жанасқан немесе сыбайлас жемқорлық үшін жағдай туғызатын әрекеттерге жол бермеу біз үшін басты міндет.

Қазіргі таңда сот қызметшілерге қойылатын талаптар да барынша күшейтіліп келеді. Нәтижесінде бұл сот жүйесінің сапасының артуына мүмкіндік береді. Еліміздегі әрбір мемлекеттік қызметкер өзінің халықтың қызметшісі екенін ұмытпағаны абзал деп санаймын.

Қанат БАЙДІЛДАЕВ,
Алматы облысы Қонаев қалалық әкімшілік құқықбұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сот әкімшісінің бас маманы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖЫР ДӘПТЕРІНЕН

ӨСИЕТНАМА

Қызығы дүниенің тәтті болды,
Әрәдік ашуы ащы қатты болды.
Болғаны бірде тату, бірде қату,
Әр жайды сезінуге жақсы болды.

Екен ғой мынау әлем құпиялы,
Мекенің көрінеді құс ұялы.
Өмірде әнтек басқан ағаттығың,
Тағдырың, тас төбеңнен шұқияды.

Себептің салдары не соны меңгер,
Болмысты таразылап жөнімен көр.
Тәңірдің жақсылығы бұйырмаса,
Қитығып шалыс жүрген өзіңнен көр.

Шарлаған біраз елді жолым жатыр,
Көңілге көбеңсіген қойып жатыр.
Қызығы думандатқан тәтті өмірдің,
Қарттықтан тоғы азайып сөніп
жатыр.

Ақырып 100-ге қарай жақындаппын,
Кәнігі көкпаршыдан тақымдаппын.
Сарқылмай бей-берекет сабырымды,
Жазмышты жариялы мақұлдаппын.

Жөнім жоқ сондықтан да өкінетін,
Ей жұртым, асыра айтсам кешірерсің.
Кезекті кезі таяу Кенжеханның,
Жер-ана құшағына бекітетін.

САҚТАНДЫРУ

«Егерде қатулансам сыйғызамын,
Әлемді бір тарының қауызына»
Жетпесе Тәңір сөзі миғұланың,
Түбінде құм құйылар ауызына.

Ескертіп отырмаса дүркін-дүркін,
Мәнісін елемейді пенде шіркін.
Ақыры замананың жастар болса,
Адыра қалар сонда ойын-күлкің.

Елітіп тіршіліктің қызығына,
Адамдар ала-бөтен бұзылуда.
Үруге шамасы жоқ ит боларсың,
Тәңірдің барған тұста құзырына.

...

Тараған Адам-ата, Хауа – анадан,
Ешкімде түгел жұртты санамаған.
Қомағай іштарлықтың салдарынан,
Дұшпансып бірін-бірі жаралаған.

Бөп алды тілі бөтен, діні бөтен,
Қонысы – шекаралы ірі мекен.
Ақырын келер күннің ойламайды,
Сестеніп көрінеді діліі бекем.

Жер шарын жеке-жеке бөліп алды,
Пенделер бұған-дағы көніп алды.
Жайлады тамам жұртты бұзақылық,
Қисынсыз есіргендер өліп алды.

Мейірбан, рақымды Тәңірім – ай,
Орынсыз туарма екен жаңылып ай?!
Сезілсе жер бетінде жаманшылық,
Тасиды зығырданым, қаным ұдай.

АЙНАРҒА АРНАУ СӨЗ

Туған күнге бір өлең,
Жазушы едім ерінбей.
Маңдайыңнан сүйер ем.
Кеткенің не көрінбей.

Азаматсың есейген,
Маған әлі баласың.
Кетпейтұғын көкейден,
Арқаланар панасың.

Оңашада толғанып,
Ой қуалап отырам.
Жүрдек қалам қолға алып,
Тәубе етемін осыған.

Келе қалсаң үйіме,
Атып тұрам қуанып.
Құшақтаймын сүйіне,
Елжіреймін жұбанып.

Алаңдауым сейіліп,
Тоғаяды көңілім.
Жыр жазамын желігіп,
Ұзарғандай өмірім.

Буындарым тыңайып,
Азаматтай ат мінген.
Отыра алмай мұңайып,
Өзің барда шатпын мен.

ҚҰБЫЛЫС

Бұл күнде күн райы құбылады,
Біресе салқындайды, жылынады.
Осындай әлемдегі өзгерісті,
Адамдар әзер-әзер ұғынады.

Табиғат көрсетуде күш-қуатын,
Құбылып болып алды күн туатын.
Жаңылып жүрісінен жаратылыс,
Таңырқап ей пенделер жүр шығарсың.

Болмыстаң бейхабармыз жүйесінен,
Сақтану керек шығар киесінен.
Туынған мұның бәрі жатқан болар,
Бұзылған адамзаттың ниетінен.

Кенжехан РАҚЫШ,
ақын, ардагер журналист.
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ

МЕРЕКЕ АЯСЫНДА

ОҚУШЫЛАР ЭКСКУРСИЯҒА АТТАНДЫ

БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КҮНІНЕ ОРАЙ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ МАРЛЕН КӨЛБАЕВ ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ АЛАҢЫНДА ӨТКЕН «СӘЛЕМ, ЖАЗ – 2024» АТТЫ ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС МАУСЫМЫНЫҢ БАСТАЛУ САЛТАНАТЫНА ҚАТЫСЫП, ҚҰТТЫҚТАУ ТІЛЕГІН ЖЕТКІЗДІ.

Өз құттықтау сөзінде балаларға мемлекет тарапынан барлық жағдай жасалып отырғанын айтқан Марлен Көлбаев облыста оқушылардың жазғы демалысының ұйымдастырылу жайына да қысқаша тоқталып өтті. Оның айтуынша, биыл жазғы демалыс шараларына 102 мыңнан астам бала қатысады. Олар мектеп жанындағы және қала сыртындағы лагерьлерде демалып, түрлі танымдық, интеллектуалдық, сауықтыру бағдарламаларына тартылмақ.

Бұл күні аз қамтылған отбасынан шыққан талдықорғандық 245 оқушы 4 бағыт бойынша сапарға аттанды. Атап айтқанда, балалар Кербұлақ ауданында ағартушы ғалым Шоқан Уәлихановтың «Алтынемел» мемориалды мұражайын, Үштөбе қаласында былтыр ашылған Қаратал өлкетану мұражайын, Ақсу ауданындағы Ақын Сара мұражайын тамашалап, табиғат кереметі Тамшыбұлақпен танысты, Талдықорған қаласындағы Мұхаметжан Тынышбаев атындағы тарихи-өлкетану мұражайына, Ілияс Жансүгіровтің әдеби мұражайына экскурсиялар жасады. Мұндай танымдық экскурсиялар жаз бойы жалғасып, оған облыстың барлық аудан-қалаларындағы оқушылар қатысатын болады.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

МАМАН МІНБЕРІ

ӨЗІНЕ-ӨЗІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БҰРЫШЫ

«Қапал орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік қызметтерді электрондық форматта алу мүмкіндігі туралы халықты ақпаратпен арттыру мақсатында «өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштарының» орналасуы туралы инфографикасы жарияланып, электронды түрде мемлекеттік қызметтерді алуды түсіндіру бойынша ақпарат берілді.

Қажетті құжаттарды алу үшін жұмыстан сұранып, халыққа қызмет көрсету орталығында ұзын-сонар кезекке тұрудың қажеті жоқ. Бұл шаруа өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштарының көмегімен әжептәуір жеңілдеді.

Бүгінде өңірде электронды үкімет арқылы жұмыс істейтін 700-ге жуық бұрыш жабдықталған. Жұмысбасты жандар өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштарының арқасында уақытын үнемдейді. Бір құжат үшін қызмет көрсету орталығына бару керек деп жанталасудың қажеті жоқ.

Бұндай бұрыш өзінің тиімділігін дәлелдеп отыр. Азаматтарға электронды мемлекеттік қызметтерді өз еркімен алуға көмектеседі. Олар мектептерде, мемлекеттік органдарда, бюджеттік ұйымдарда орналастырылған. Бүгінгі күні мемлекетттік корпорациямен 500-ден астам оқыту ұйымдастырылып, 2 мыңнан астам қызмет алушы электронды қызметтерді алуға үйретілді.

Айгерім ТАКАКОВА,
«Қапал орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің заңгері.

ҚОРШАҒАН ОРТА

ОРМАН - ОРТАҚ БАЙЛЫҒЫМЫЗ

ӨРТЕНГЕН ОРМАНДАРДЫ ҚАЙТА ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ МҮМКІН БЕ? ОҒАН ҚАНША ЖЫЛ УАҚЫТ КЕРЕК ДЕГЕН СИЯҚТЫ САУАЛДАР ӘРҚАЙСЫМЫЗДЫҢ КӨКЕЙІМІЗДЕ ТҰРҒАНЫ БЕЛГІЛІ.

Өрттен кейінгі орманды қалпына келтіру үшін өртенген ағаштарды тазалау қажет. Өйткені, өртенген аймаққа зиянкестер таралу ошағына айналуы мүмкін. Тазартылған соң орман молықтыру жұмысы жүргізіледі. Аталған жұмыстар алғашқы 3-5 жылдықта жүргізіледі. Мамандардың сөзінше, орман толығымен өртке дейінгі қалпына келуі үшін ағаштардың түрлеріне байланысты 50 жылдан астам уақыт кетуі мүмкін.

Елімізде Үкімет бекіткен 2021-2025 жылдарға арналған «Жасыл Қазақстан» ұлттық бағдарламасы аясында тұрғындардың қолайлы өмір сүру ортасын құруға, елдің экологиялық жағдайын жақсартуға бағытталған іс-шаралар атқарылуда. Бұл жұмыстарды атқару үшін бюджеттен жылына 13,5 млрд. теңгеге жуық қаржы бөлінеді. Мемлекет Басшысының 2025 жылға дейін мемлекеттік орман қоры аумағында 2 млрд. астам ағаш, елді мекендер мен қалаларда 15 млн. ағаш отырғызу жұмыстары қолға алынған.

Орман – жер табиғи қордың, оның ішінде өсімдіктер жамылғысының басты бір типі. Орман қорлары бүкіл биосферадағы тіршілік үшін оның ішінде адамзат қоғамы үшін аса маңызды. Тиімді пайдаланған жағдайда өз-өзінен қайта қалпына келіп тұратын таусылмайтын табиғи қор. Оны паналап, қоректерін содан табатын жан-жануарлар мен жәндіктер көп. Орман ағаштары, оның ішінде мәңгі жасыл, қылқан жапырақты ағаштар өз жапырақтары арқылы өздері өскен қоршаған ортаға зиянды ауру қоздырғыш бактерияларды өлтіретін хош иісті заттар шығарады. Сондықтан да қылқанжапырақты орманды аймақтарда көпшілік демалып, тынығатын курорт-санаторийлердің болатындығы белгілі. Қазіргі кезде дүниежүзінде орман аумағының 3 млрд. гектардан астам, яғни дүниежүзінің 27-28 пайызын орман алып жатыр.

Қоршаған орта біздің байлығымыз. Сол арқылы біз энергия аламыз, қажетімізге пайдаланамыз. Ал оны күтіп, баптау сіз бен біздің еншімізде. Сондықтан да өртті өз қолымызбен жасауға себепші болмайық және табиғатты аялайық!

Ернұр САЗАНБАЕВ,
«Қаратал орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің орман шебері.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЕНПФ

ЗА 4 МЕСЯЦА 2024 ГОДА ЧИСТЫЙ ИНВЕСТИЦИОННЫЙ ДОХОД КАЗАХСТАНЦЕВ СОСТАВИЛ ПОРЯДКА 517,6 МЛРД ТЕНГЕ

За 4 месяца 2024 года чистый инвестиционный доход казахстанцев составил порядка 517,6 млрд тенге, что больше на 48,6 млрд тенге или 10,4% показателя аналогичного периода прошлого года.

Доходность пенсионных активов ЕНПФ, образованных за счет обязательных пенсионных взносов (ОПВ), обязательных профессиональных пенсионных взносов (ОППВ), добровольных пенсионных взносов (ДПВ), распределенная на счета вкладчиков (получателей) за 4 месяца 2024 г., составила 2,87%. Доходность пенсионных активов ЕНПФ, сформированных за счет обязательных пенсионных взносов работодателя (ОПВР), по состоянию на 1 мая 2024 с начала года - 1,76%.

По состоянию на 1 мая 2024 доходность пенсионных активов ЕНПФ за последние 12 месяцев, распределенная на счета вкладчиков (получателей), составила 9,83% при инфляции в размере 8,70%.

Инвестиционный доход складывается из доходов в виде вознаграждения по финансовым инструментам (по ценным бумагам, вкладам и другим операциям), рыночной и валютной переоценки финансовых инструментов, доходов по активам, находящимся во внешнем управлении и т.д. Для сохранности пенсионных активов и получения доходности Национальный Банк Республики Казахстан (НБРК) и управляющие инвестиционным портфелем (УИП) постоянно диверсифицируют инвестиционный портфель. То есть активы инвестируются в разные финансовые инструменты, валюты и регулярно перераспределяются с учётом ситуации. Такая диверсификация приводит к положительным результатам и обеспечивает устойчивую инвестиционную доходность.

Отметим, что пенсионные накопления - это долгосрочные инвестиции, и анализировать размер инвестиционного дохода целесообразно за период не менее года. Так, к примеру, инвестиционная доходность с момента основания накопительной пенсионной системы в 1998 году на 1 мая 2024 года нарастающим итогом составила 842,74% при инфляции за весь период 780,79%. Таким образом накопленный инвестиционный доход в долгосрочном периоде превышает инфляцию.

Напомним, что в Казахстане действует уникальная гарантия сохранности обязательных пенсионных взносов с учетом уровня инфляции. В случаях снижения доходности в отдельном периоде, повлиявшем на накопленную доходность вкладчика при наступлении права на выплаты, компенсация разницы гарантирована государством.

Вся система инвестиционного управления и учета пенсионных активов является прозрачной: каждый вкладчик имеет возможность видеть свой инвестиционный доход в личном кабинете на сайте enpf.kz или в мобильном приложении.

Информация по инвестиционному управлению пенсионными активами ЕНПФ и о финансовых инструментах, в которые размещены пенсионные активы ЕНПФ, публикуется на официальном сайте ЕНПФ (www.enpf.kz) в разделе «Показатели/Инвестиционная деятельность».

Много интересной и полезной информации, в том числе интервью экспертов накопительной пенсионной системы об инвестировании пенсионных активов, - на YouTube-канале БЖЗҚ ЕНПФ.

ОБЪЕМ ПЕНСИОННЫХ НАКОПЛЕНИЙ КАЗАХСТАНЦЕВ НА 1 МАЯ 2024 ГОДА ПРИБЛИЖАЕТСЯ К 19 ТРЛН ТЕНГЕ

Порядка 19 трлн тенге накоплено в ЕНПФ на 1 мая 2024 года на индивидуальных и условных счетах вкладчиков (получателей). За год пенсионные накопления выросли более чем на 3,3 трлн тенге (или на 21,1%). Только за 4 месяца с начала года их прирост составил порядка 1,12 трлн тенге (6,2%).

Пенсионные накопления, сформированные за счет обязательных пенсионных взносов (ОПВ), составили на 1 мая 2024 года более 18,3 трлн тенге, увеличившись за год на 20,6%. Сумма пенсионных накоплений за счет обязательных профессиональных пенсионных взносов (ОППВ) - порядка 599 млрд тенге (рост за год - 22,8%). Наибольший прирост за год (45,7%) показали накопления по добровольным пенсионным взносам (ДПВ), которые составили порядка 6 млрд тенге.

Прирост накоплений стал возможен за счет входящих потоков в виде пенсионных взносов и инвестиционного дохода. Объем пенсионных взносов, поступивших на счета вкладчиков за 4 месяца 2024 года, составил 856,4 млрд тенге (рост на 29,1% или порядка 193 млрд тенге по сравнению с показателем прошлого года).

Положительную динамику продемонстрировали все виды взносов: на индивидуальные пенсионные счета (ИПС) по учету ОПВ с начала года на 01.05.2024 г. поступило около 759,2 млрд тенге (по сравнению с аналогичным периодом прошлого года объем ОПВ увеличился на 20,3%), ОППВ – 38,7 млрд тенге (рост на 22,7%), ДПВ - 981 млн тенге (рост на 42,1%).

С 1 января 2024 года на пенсионные счета вкладчиков (получателей) поступают дополнительные средства – обязательные пенсионные взносы работодателя (ОПВР). За 4 месяца 2024 года сумма пенсионных накоплений за счет ОПВР составила более 57,9 млрд тенге.

Чистый инвестиционный доход, начисленный на индивидуальные и условные пенсионные счета вкладчиков ЕНПФ, с начала года на 01.05.2024 г. составил более 517,6 млрд тенге.

Исходящие потоки в виде выплат и переводов в страховые организации из ЕНПФ за 4 месяца 2024 года составили около 285,5 млрд тенге. При этом 41,7% этого объема составляют единовременные пенсионные выплаты (ЕПВ) на улучшение жилищных условий и лечение – 119 млрд тенге.

Выплаты в связи с достижением пенсионного возраста составили около 67,8 млрд тенге, что выше показателя прошлого года на 19,2 млрд тенге (на 39,5%).

Также осуществлены выплаты по наследству – 18,5 млрд тенге, выплаты в связи с выездом на ПМЖ за пределы РК – 11,4 млрд тенге, выплаты лицам с инвалидностью – более 1 млрд тенге, выплаты на погребение – 3,3 млрд тенге. В страховые организации переведена сумма более 64,3 млрд тенге.

Отметим, что сумма средней ежемесячной выплаты по графику из ЕНПФ (в связи с достижением пенсионного возраста) составила 33 858 тенге, а максимальная сумма ежемесячной выплаты – 945 752 тенге. Напомним, за этот же период прошлого года средняя сумма ежемесячной выплаты по графику из ЕНПФ составила 32 090 тенге, а максимальная сумма ежемесячной выплаты – 742 692 тенге.

Количество индивидуальных пенсионных счетов вкладчиков (ИПС) в ЕНПФ на 1 мая 2024 г. - 12,4 млн единиц, из них: 11,1 млн - по ОПВ, 677,8 тыс. - по ОППВ, 413,3 тыс. - по ДПВ.

Количество условных пенсионных счетов (УПС) в ЕНПФ на 1 мая 2024 года, на которых учитываются сведения о поступивших ОПВР и иных поступлениях в соответствии с законодательством Республики Казахстан, составило более 3,6 млн единиц.

Вся актуальная информация о статистических данных по пенсионным активам, в том числе в разрезе регионов республики, размещена на сайте enpf.kz в разделе «Показатели».

СУДЕБНЫЕ АКТЫ

ПРИ ОТПРАВЛЕНИИ ПРАВОСУДИЯ ОБЯЗАТЕЛЬНЫ ДЛЯ ВСЕХ

МНОГИЕ ГРАЖДАНЕ, КОТОРЫЕ ОБРАЩАЮТСЯ В СУД ПО КАКИМ ЛИБО СПОРАМ ПО НЕ ЗНАНИЮ ПОРЯДКА НЕСВОЕВРЕМЕННО ПОЛУЧАЮТ КОПИИ СУДЕБНЫХ АКТОВ, ПО ПРИНЯТОМУ РЕШЕНИЮ В ХОДЕ РАССМОТРЕНИЯ СВОЕГО ИСКА. ПОЭТОМУ, В СВОЕЙ НЕБОЛЬШОЙ СТАТЬЕ ХОТЕЛА БЫ РАССКАЗАТЬ О СУДЕБНЫХ АКТАХ И ПОРЯДКА ИХ ИСПОЛНЕНИЯ.

Судебный акт — это официальный документ, вынесенный судебным органом (судьей или коллегией судей) в результате рассмотрения конкретного юридического дела или спора. Судебный акт содержит решение относительно законности и основательности претензий одной из сторон и определяет права и обязанности сторон в данном случае.

В соответствии с пунктом 3 статьи 76 Конституции Республики Казахстан и статьей 21 ГПК вступившие в законную силу судебные акты, а также распоряжения, требования, поручения, вызовы, запросы и другие обращения судов и судей при отправлении правосудия обязательны для всех государственных органов, органов местного самоуправления, юридических лиц, должностных лиц, граждан и подлежат исполнению на всей территории Республики Казахстан.

Судебные акты, основанные на законе или ином нормативном правовом акте, который признан Конституционным Советом Республики Казахстан неконституционным, исполнению не подлежат.

Исполнение судебных актов представляет собой заключительную стадию гражданского судопроизводства и определяет эффективность правосудия в государстве. Целью исполнительного производства является обеспечение реального восстановления нарушенных или оспариваемых прав или охраняемых законом интересов.

Неисполнение судебных актов, а равно иное проявление неуважения к суду влекут предусмотренную законом ответственность.

Обжалование действий (бездействия) судебного исполнителя представляет собой форму судебного контроля в исполнительном производстве, имеющую своей целью защиту прав и интересов сторон исполнительного производства.

В силу ст.250 Гражданского процессуального кодекса Республики Казахстан: На действия (бездействие) судебного исполнителя по исполнению исполнительных документов, в том числе по оспариванию торгов, в процессе исполнительного производства либо на отказ в совершении таких действий взыскателем или должником может быть подана жалоба.

В таких случаях жалоба может подаваться по месту совершения исполнительных действий, если обслуживаемый судебным исполнителем территориальный участок либо место регистрации частного судебного исполнителя находятся в одном населенном пункте с местом совершения исполнительных действий. Либо жалоба подается в районный (городской) суд обслуживаемого судебным исполнителем территориального участка либо по месту регистрации частного судебного исполнителя в течение десяти рабочих дней со дня совершения действия (отказа в совершении действия) или со дня, когда взыскателю или должнику, не извещенному о времени и месте совершения действия судебным исполнителем, стало о нем известно.

Маншук КАЛИЕКОВА,
судья Медеуского районного суда города Алматы.

КОРРУПЦИЯ

Коррупция является негативным явлением современного общества, требующим постоянного тщательного изучения, системного подхода, комплексного и оперативного противодействия. В мире нет уникального набора механизмов борьбы с коррупцией, который оптимален для всех стран. Специфика наборов методов по борьбе с коррупцией, принимаемых каждой страной, уникальна и зависит не только от политической и экономической стабильности, но и от обычаев и традиций, религиозных особенностей и уровня правовой культуры.

В АКТИВНОЙ РАБОТЕ ДОЛЖНЫ УЧАСТВОВАТЬ ВСЕ

Между тем, коррупция представляет собой системную угрозу безопасности государства, подрывает основы его стабильности, препятствует проводимым экономическим и социальным реформам. Искоренение коррупции во всех ее проявлениях - одна из важнейших задач в развитии нашей страны. Законодательством РК предусмотрена ответственность за совершение коррупционных правонарушений. Сегодня противодействие и пресечение коррупционных проявлений является одним из приоритетных направлений государственной политики Республики Казахстан.

Целью противодействия коррупции является устранение коррупции в обществе. На сегодняшний день в Казахстане борьбе с коррупцией придан общегосударственный статус, ведется широкомасштабная антикоррупционная компания совместными усилиями с общественными и политическими силами по пресечению и ограничению проявлений коррупции.

Таким образом, необходимо отметить, что для достижения важной цели – вхождения нашего государства в число самых развитых стран мира, в активной работе по противодействию коррупции должны участвовать все граждане, проживающие в нашей стране. Искоренения этого социального зла позволит стране осуществить полноценное развитие всех сфер жизни граждан, поднятие экономики, создание демократического и социального стабильного общества, преодоление разрыва между богатыми и бедными.

Гаухар ДАУЛЕТОВА,
главный специалист-секретарь судебного заседания СМЭС области Жетісу.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТУРНИР

ЖАРЫС КҮНДЕЛІГІ



ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ АЙКӨРКЕМ БАТИХАН САДАҚ АТУДАН ЫСТАНБҰЛДА ӨТКЕН «FETIN KUPASI» ТУРНИРІНІҢ ЖЕҢІМПАЗЫ АТАНДЫ. АТАЛҒАН ДОДАДА 20 МЕМЛЕКЕТТЕН КЕЛГЕН 300-ГЕ ТАРТА МЕРГЕН БАҚ СЫНАДЫ. БІР АЙТА КЕТЕРЛІГІ, АЙКӨРКЕМНІҢ ОСЫ СПОРТ ТҮРІМЕН АЙНАЛЫСҚАНЫНА НЕБӘРІ БІР ЖАРЫМ ЖЫЛ ҒАНА БОЛДЫ.

Таеквондодан әскерилер арасындағы әлем чемпионатында Қазақстан құрамасы 1 алтын мен 3 күміс медальға қол жеткізді. 53 кг салмақта өнер көрсеткен Ясмина Нарбаева финалда неміс спортшысын ұтып, алтыннан алқа тақса, Жавохирхон Исламов (58 кг), Аманбол Бегімбетов (63 кг), Нұрай Бауыржанова (49 кг) ақтық сында ұтылды.

Лондондағы «Уэмбли» стадионында өткен УЕФА Чемпиондар лигасының финалында Мадридтің «Реалы» мен Дортмундтың «Боруссиясы» шеберлік байқасты. Бұл матч 2:0 есебімен корольдік клубтың пайдасына шешілді. Испандықтардың сапындағы Даниэль Карвахаль 74, Винисиус Жуниор 83-минуттарда нысананы дәл көздеді. Сөйтіп, «Реал» өз тарихында 15 рет қарт құрлықтың ең белді кубогін иеленді.

Қазақстанның көркем гимнастшысы Елжана Тәниева Париж Олимпиадасы қарсаңындағы жат-тығуын Германияда өткізуді жөн көрді. *«Алда екі әлем кубогі бар. Бұл жарыстар Еуропада өтеді. Қазіргі кезде Елжананың бағдарламасын жаңартып, күрделендіруді көздеп отырмыз. Бұл өзгерістердің қандай нәтиже бергенін жоғарыда айтылған халықаралық бәсекелер барысында байқап көреміз. Көп ұзамай Германияда жаттығу жиынын өткіземіз. Ал ауа райына бейімделу үшін Олимпиадаға бір апта қалғанда Испанияға сапар шегуді жоспарладық»,* дейді ұлттық құраманың бас бапкері Әлия Юсупова.

2028 жылы Лос-Анджелесте алауы тұтанатын Олимпия ойындарына Халықаралық бокс қауымдастығына (IBA) мүше мемлекеттердің өкілдері қатыспайды. Халықаралық Олимпиада комитеті (ХОК) осындай қатаң талап қойды. Олар «IBA-да былық көп. Олар таза спорттық қағидатты ұстанбайды. Өздерін сыйлайтын ұлттық федерациялар аталған ұйымның құрамынан шығуға тиіс» деп мәлімдеді. Бұл жағдай көптеген елді тығырыққа тіреп отыр. Өйткені қазіргі кезде әлемнің 200-ден аса мемлекетінің федерациялары IBA-ның мүшесі. Солардың қатарында Қазақстан да бар.

Қазақстан Ұлттық Олимпиада комитетінің (ҰОК) президенті Геннадий Головкин Халықаралық Олимпиада комитетінің (ХОК) Olympism 365 комиссиясының мүшесі болып тағайындалды. Бұл туралы ХОК президенті Томас Бах Қазақстан ҰОК-ке ресми хат жолдау арқылы хабарлады. Ол хатта *«Сізді комиссия мүшесі етіп тағайындау мен үшін үлкен мәртебе. Комиссия жұмысына қосатын үлкен үлесіңіз үшін сізге алдын ала алғыс білдіремін»,* деп жазылды.

Қазақстанның хоккейшісі Әділ Бекетаевтың соққысы Чехияда өткен әлем чемпионатының қорытындысы бойынша екін-ші орынды иеленді. Оның қарсыластар қақпасына бағыттаған шайбасы сағатына 162,38 шақырымдық жылдамдықпен жүйіткіген екен. Ал бұл аталымда Виктор Хедман озды. Швециялық қорғаушының соққысы сағатына 163,05 шақырымдық жылдамдықпен зымырады.

АҚШ-тың Нью-Джерси штатындағы Ньюарк қаласында аралас жекпе-жектен UFC 302 турнирі өтті. Басты жекпе-жекте жеңіл салмақтағы ресейлік Ислам Махачев американдық Дастин Порьені бесінші раундта «қылқындыру» әдісімен ұтып, чемпиондық атағын сәтті қорғады. Осы жеңістен кейін дағыстандық файтер жартылай орта салмаққа ауысуға ниетті екенін мәлімдеді. Ал бұл салмақта қазақтың қайсар ұлы Шавқат Рахмоновтың өнер көрсетіп жүр.

Спорттық гимнастикадан Словенияның Копер қаласында өткен «Challenge Cup» додасында Диас Тойшыбек «ат» жаттығуында күміс медальды иеленді. Бас жүлдені украиналық Илья Ковтун олжаласа, хорватиялық Матео Жугец қолаға қол созды.

Еліміздің танымал кәсіпқой боксшысы Ангелина Лукас Бангкоктағы бокс кешінде индонезиялық Харма Йестимен жұдырықтасып, оны ұпай санымен ұтты. Бұл – отандасымыздың оныншы жеңісі!

Швейцарияның Ньонында футзалдан 2026 жылы жалауы желбірейтін Еуропа чемпионатының іріктеу турнирінің жеребесі тартылды. Алтыншы топқа түскен жерлестеріміз Армения, Дания және Албанияға қарсы ойнайды. Іріктеу сыны биылғы жылдың желтоқсанында басталып, келесі жылдың сәуірінде аяқталады. Ал сары құрлықтың басты додасы 2026 жылғы 18 қаңтар мен 8 ақпан аралығында өтеді.

egemen.kz сайтынан алынды.

БЖЗК ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

ОТАНДАСТАРЫМЫЗДЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫНЫҢ КӨЛЕМІ 19 ТРЛН ТЕҢГЕГЕ ЖАҚЫН

2024 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша БЖЗҚ-да салымшылардың (алушылардың) жеке және шартты шоттарында шамамен 19 трлн теңге жинақталған. Бір жыл ішінде зейнетақы жинақтары 3,3 трлн. аса теңгеге (немесе 21,1%) өсті. Жыл басынан бері 4 айдың ішінде олардың өсімі шамамен 1,12 трлн. теңге (6,2%) болды.

Міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары 2024 жылғы 1 мамырға 18,3 трлн. теңгеден асып, бір жылда 20,6% ұлғайды. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен зейнетақы жинақтарының сомасы шамамен 599 млрд. теңге (бір жылдағы өсім - 22,8%). Бір жылдағы ең үлкен өсімді (45,7%) ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша жинақтар көрсетті. Олардың көлемі шамамен 6 млрд теңге.

Жинақтар мөлшерінің өсімі зейнетақы жарналары мен инвестициялық кіріс түріндегі кіріс ағындары есебінен мүмкін болды. 2024 жылдың 4 айында салымшылардың шоттарына түскен зейнетақы жарналарының көлемі - 856,4 млрд. теңге (өткен жылдың көрсеткішімен салыстырғанда 29,1% немесе шамамен 193 млрд. теңгеге өсті).

Жарналардың барлық түрлері оң динамиканы көрсетті: МЗЖ есебі бойынша жеке зейнетақы шоттарына (ЖЗШ) жыл басынан бері 01.05.2024 жылға 759,2 млрд. теңге түсті (өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда МЗЖ көлемі 20,3% өсті), МКЗЖ - 38,7 млрд. теңге (22,7% өсті), ЕЗЖ - 981 млн. теңге (өсім 42,1%).

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап салымшылардың (алушылардың) зейнетақы шоттарына қосымша қаражат – жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) түсуде. 2024 жылдың 4 айында ЖМЗЖ есебінен зейнетақы жинақтарының сомасы 57,9 млрд. теңгеден асты.

БЖЗҚ салымшыларының жеке және шартты зейнетақы шоттарына есептелген таза инвестициялық кіріс жыл басынан бері 01.05.2024 ж. - 517,6 млрд. теңге.

БЖЗҚ-дан төлемдер мен сақтандыру ұйымдарына аударымдар түріндегі шығыс ағындары 2024 жылдың 4 айында шамамен 285,5 млрд. теңге болды. Бұл ретте осы көлемнің 41,7%, яғни 119 млрд. теңгесі - тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдері (БЗТ).

Зейнет жасына толуға байланысты төлемдер шамамен 67,8 млрд. теңге, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 19,2 млрд. теңгеге (39,5%) көп.

Сондай-ақ, мұрагерлік бойынша төлемдер – 18,5 млрд. теңге, ҚР шегінен тыс тұрақты тұруға кетуге байланысты төлемдер – 11,4 млрд. теңге, мүгедектігі бар адамдарға төлемдер – 1 млрд. теңгеден астам, жерлеуге төлемдер - 3,3 млрд. теңге жүзеге асырылды. Сақтандыру ұйымдарына 64,3 млрд. теңгеден астам сома аударылды.

Атап кетейік, БЖЗҚ-дан кесте бойынша орташа айлық төлем сомасы (зейнет жасына толуға байланысты) 33 858 теңге, ал ай сайынғы төлемнің ең жоғары сомасы - 945 752 теңге. Естеріңізге сала кетейік, өткен жылдың осы кезеңінде БЖЗҚ-дан кесте бойынша ай сайынғы төлемнің орташа сомасы 32 090 теңге, ал ай сайынғы төлемнің ең жоғары сомасы 742 692 теңге болған.

2024 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша БЖЗҚ-дағы салымшылардың жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) саны - 12,4 млн бірлік, оның ішінде: 11,1 млн. - МЗЖ бойынша, 677,8 мың - МКЗЖ бойынша, 413,3 мың - ЕЗЖ бойынша тіркелген.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келіп түскен ЖМЗЖ және өзге де түсімдер туралы мәліметтер ескерілетін БЖЗҚ-дағы шартты зейнетақы шоттарының (ШЗШ) саны 2024 жылғы 1 мамырда 3,6 млн. бірлік болды.

Зейнетақы активтеріне қатысты барлық өзекті ақпарат, соның ішінде республика өңірлері бойынша мәліметтер enpf.kz сайтындағы «Көрсеткіштер» бөлімінде орналастырылған.

ОТАНДАСТАРЫМЫЗДЫҢ ТАЗА ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КІРІСІ ШАМАМЕН 517,6 МЛРД ТЕҢГЕГЕ ЖЕТТІ

2024 жылдың 4 айында қазақстандықтардың таза инвестициялық кірісі шамамен 517,6 млрд. теңгеге жетті. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 48,6 млрд. теңгеге немесе 10,4% артық.

БЖЗҚ-ның міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ), ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтерінен түсіп, салымшылардың (алушылардың) шоттарына бөлінген кірістілік 2024 жылдың 4 айында 2,87% көрсетті. 2024 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) есебінен қалыптасқан БЖЗҚ зейнетақы активтерінің кірістілігі - 1,76%.

2024 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттарына соңғы 12 айда бөлінген БЖЗҚ зейнетақы активтерінің кірістілігі инфляция 8,70% мөлшерінде болған кезде 9,83% болды.

Инвестициялық кіріс қаржы құралдары (бағалы қағаздар, салымдар және басқа операциялар) бойынша сыйақы түріндегі кірістерден, қаржы құралдарын нарықтық және валюталық қайта бағалаудан, сыртқы басқарудағы активтер бойынша кірістерден және т. б. тұрады. ҚР Ұлттық Банкі және инвестициялық портфельді басқарушылар (ИПБ) зейнетақы активтерін инвестициялық кіріс алу мақсатында экономиканың Қазақстан Республикасындағы және шетелдегі түрлі секторларының әртүрлі қаржы құралдарына әртүрлі валюталарда орналастырады. Әртараптандыру орнықты инвестициялық кірістілікті қамтамасыз етеді.

Зейнетақы жинақтары – бұл ұзақ мерзімді инвестициялар. Сондықтан инвестициялық кірістің мөлшерін кем дегенде бір жылда талдаған жөн. Мәселен, жинақтаушы зейнетақы жүйесі құрылған 1998 жылдан бастап 2024 жылғы 1 мамырға дейінгі инвестициялық кірістілік өспелі қорытындымен 842,74% көрсетті. Бұл кезеңдегі инфляция - 780,79%. Осылайша, ұзақ мерзім ішінде жинақталған инвестициялық кіріс инфляциядан асып түсті.

Естеріңізге сала кетейік, Қазақстанда инфляция деңгейін ескере отырып, міндетті зейнетақы жарналарының сақталуына бірегей кепілдік бар. Төлемдер құқығы басталған кезде салымшының жинақталған кірістілігіне әсер еткен жекелеген кезеңде кірістіліктің төмендеуі кезінде де айырмашылықты өтеуге мемлекет кепілдік береді.

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару мен есепке алудың бүкіл жүйесі ашық: әрбір салымшының enpf.kz сайтындағы немесе ұялы қосымшадағы жеке кабинетінен өзінің инвестициялық кірісін көруге мүмкіндігі бар.

БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару және олар орналастырылған қаржы құралдары туралы ақпарат Қордың (www.enpf.kz) ресми сайтындағы «Көрсеткіштер/Инвестициялық қызмет» бөлімінде жарияланады.

Көптеген маңызды және пайдалы ақпаратты, соның ішінде жинақтаушы зейнетақы жүйесі сарапшыларының зейнетақы активтерін инвестициялау туралы сұхбаттарын - БЖЗҚ ЕНПФ YouTube-арнасынан көруге болады.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ШАРА

БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ

Балаларды қорғаудың халықаралық күніне орай «Мейірім» шығармашылық орталығының ұжымы арнайы іс-шара ұйымдастырды.

«Қуанса, бала қуансын» демекші, мерекелік шарада балалар тек ойын ғана ойнап қоймай, композитор Гүлнұр Нұрасылованың орындауындағы әндерді тыңдады.

Шараға қатысқан 100-ден аса балаға орталық атынан тегін сыйлықтар беріліп, балмұздақ таратылды. Сонымен қатар бейнелеу өнері үйірмесінен байқауға қатысқан оқушылар – Бекнұр Бейбіт, Кәусар, Гаухар Асеновалар, Анна Жиембаева, Алихан Болат, Махаббат Есмұхамбет, Жания Талғат бірінші орын иеленіп, марапаттау қағаздары табысталды.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ПСИХОЛОГИЯ

САБАҚТАН ЖАҚСЫ БАҒА АЛҒАНЫ НЕМЕСЕ ҮЙ ЖИНАҒАНЫ ҮШІН АҚША БЕРУ ДҰРЫС ПА?

БАЛАҒА САБАҚТАН ЖАҚСЫ БАҒА АЛҒАНЫ НЕМЕСЕ ҮЙ ЖИНАҒАНЫ ҮШІН АҚША БЕРУ ДҰРЫС ПА? БҰЛ БІР ҚАРАҒАНДА ҚАРАПАЙЫМ, АЛАЙДА ДАУЛЫ СҰРАҚ. СЕБЕБІ ОНЫ ДҰРЫС САНАЙТЫНДАР ДА ЖӘНЕ ОҒАН ҚАРСЫ ШЫҒАТЫНДАР ДА КӨП.

Көпшілік психолог пен мұғалім балаға баға үшін ақша беруді дұрыс деп санамайды. Олардың айтуынша, мектепте оқу – баланың міндеті. Егер оның сабақ оқуға мотивациясы болмаса, ата-аналар оны «сатып алуды» шешеді. Бірақ ол уақытша ғана әсер береді. Бастапқыда жақсы нәтиже болады, бала қуанады және «ойынға» беріледі. Ескертусіз үй тапсырмаларын орындайды, жақсы баға алып келеді. Бірақ бір күні балада сабақта шынымен де проблемалар пайда болуы мүмкін: тақырыпты түсінбейді, мұғаліммен сөзге келіп қалады немесе бұл «ойыннан» шаршайды. Сөйтіп, қаржылық мотивация жұмыс істемей қалады. Бала «ақша болмай-ақ қойсын, есесіне, ешкім сабақ оқуға мәжбүрлемейді» деп ойлай бастауы мүмкін.

Былай қарасақ, балаға ақша ересектерге секілді керек емес. Балада міндетті шығындар жоқ және ол дұрыс. Сондықтан балалар «жалақыдан» оңай бас тарта алады.

Сондай-ақ тағы бір нәрсені ескеру керек. Баға үшін ақша берген кезде бала бағаны – ең маңызды нәрсе деп қабылдайды. Ол тек баға үшін тырысады және ол үшін бәріне баруы мүмкін. Мысалы, өтірік айтуы, мұғалімін көндіруі мүмкін. Осылайша онда білім алуға деген дұрыс емес қарым-қатынас қалыптасуы мүмкін. Кей психологтар егер балаға қаржылай сый бергіңіз келсе, оны тоқсан немесе жыл біткенде беруге болатынын айтады.

Ал үй жинауға келетін болсақ, анаға үй жинағаны, ыдыс жуғаны, тамақ пісіргені немесе киім үтіктегені үшін ешкім ақша бермейді. Сол секілді әкеге де үй міндеттерін жасағаны үшін ақша төленбейді. Бала да – отбасы мүшесі. Сондықтан көпшілік психолог балаға «рақмет» айту жеткілікті деп санайды. Алайда балаға отбасы ішінде бұл қалыпты екенін түсіндіріңіз. Себебі отбасы мүшелері бір-біріне көмектеседі және бір-бірін қолдайды.

Бала итті далаға шығарып келсе немесе өзінің інісіне қарасса, бұл қалыпты міндет. Ал көршінің итін далаға шығарып келу немесе алыс туыстың кішкентай баласына қарасу – бұл ақша табудың бір әдісі. Егер балаңыз сондай секілді кіріс көзін тапса, оны ол үшін ұялтпаңыз. «Не істеп жүрсің?», «біреудің итін қарап жүрсің ба?» деген секілді күліп, мазақ етсеңіз немесе «ол үшін ақша алғаны несі?», «ұят емес па» деп айтсаңыз, балада дұрыс емес түсінік қалыптасуы мүмкін. Мұндай балалар өз жұмысы үшін қосымша ақша сұрай алмайтын, ешкімнің өтінішінен бас тарта алмайтын адам болып өсуі мүмкін.

КЕРЕК КЕҢЕС

ЖАЗДА ШОМЫЛУДЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫ

Жалпылай алғанда, шомылу дене шынықтыру, денсаулықты нығайту үшін аса керекті рәсімдердің бірі. Мұны тіпті дәрігер мамандардың өзі кеңес ретінде беріп жатады. Әсіресе, теңіз суында шомылу ағзадағы зат алмасу процестерін жақсартып, жүйке жүйесіне, қан тамырларға, тіпті кейбір тыныс алу жүйелеріне, буын ауруларына оң әсерін береді.

Солай бола тұрғанымен, теңізге саяхат жасамас бұрын дәрігер кеңесіне құлақ түрген жөн. Өйткені, теңіз суы оң әсер бермейтін жағдайлар да болады. Әйтпесе, теңіз толқынын тамашалап, жағалауға жақындай алмай қайтуыңыз әбден мүмкін.

Салқын тию – шомылу кезіндегі кең таралған қолайсыз проблема. Бұл жайлы, әсіресе, буын ауруларымен ауыратын немесе тұмауға жиі шалдығатын адамдардың ойлануы керек. Себебі, теңіз суы қарапайым өзен суына қарағанда, тұщы, денені тез салқындатқыш келеді. Су ішінде белсенді қимылдау керек және теріңіз «қаз терісіне» айналғанша шомыла берудің қажеті жоқ. Жағалауға шыққаннан кейін әбден сүлгімен сүртініп, құрғақ киім ауыстырыңыз.

Шомылу барысында мына ережелерді назарыңызда ұстаңыз:

Жағалауға жете салысымен суға қойып кетуге болмайды. Температураның күрт өзгеруі буындардың тартылуына апарып соқтырады. Ағзаңызға жаңа ортаға үйренісу үшін 15 минут уақыт беріңіз. Сонан кейін еш кедергісіз шомылуыңызға болады.



23 градустан төмен емес суға шомылуға тырысып бағыңыз. Саяхаттың алғашқы күнінде бірнеше рет суға түскен дұрыс емес.

Өзіңізге таныс емес жерлерге сүңгімеңіз. Тастардан немесе бұталардан жарақат алып қаласыз. Осы жағдай жыл сайын ескертілгенімен, жаз мезгілінде қаза болатындардың көпшілігінің себебі – осы қателік.

Тамақ пен шомылудың арасы бір сағат болуы керек. Тамаққа тойып, суға секіруге немесе судан шығып тамаққа отыруға болмайды.

Жаз мезгілінде армансыз шомылу сіздің жаныңызды жадыратса да, теріңіз үшін аса жақсы емес. Бір жағынан, теріні сумен дымқылдатып тұрған дұрыс. Екінші жағынан, су теріңізге тосын сыйлар жасауы әбден мүмкін (лас су, тұз, хлор). Сондықтан да, әрбір шомылған сайын денені таза тұщы сумен ысқылап немесе таза душ қабылдаңыз, тамағыңызды, аузыңызды шайыңыз. Онан соң арнайы лосьондарды немесе нәрлендіретін кремдерді пайдаланыңыз.

Сіз асыға күткен шомылу маусымы қуаныш сыйлап, естен кетпес тәтті сәттерді сыйласын! Әрдайым ұқыпты және абай болыңыз!

Материалдар massaget.kz. сайтынан алынды.

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Зарина БЫЖЫБЕК – тілші
Гүлнұр БАЙМҰХАН – тілші

Кезекші редактор: Г. БАЙМҰХАН.

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau.offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti
Газет 07.08.2000 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет - жұма күні шығады.

Таралымы 2700
Тапсырыс № 638
Индекс 15534